

24 ШІЛДЕ,
2025 ЖЫЛ,
БЕЙСЕНБІ
№79 (23 548)



ORTALYQ QAZAQSTAN



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдын
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Жағалау тазарып
қалды



2-бет

Инфляциядан биік,
сенімнен берік



3-бет

Желаяктар
желмен
жарысты



8-бет

• ӨНІРЛЕРДІ ДАМУ

Қарағанды көш басында

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы биылғы индустриялық-инновациялық даму көрсеткіштерін жариялады. Деректер негізінде өнірлердің индустриялық-инновациялық дамуының алғашқы жиынтық индексі дайындалды. Қарағанды облысы барлық көрсеткіштер бойынша көш бастап тұр. Аймақтағы технологиялық күрделілігі орташа экспорттағы жоғары үлес (73,8%) және жалпы қосылған құнмен қатар өңдеу өнімділігінің тұрақты өсуі негізге алынды.



Қолжазба жасаған Арайлым Қоспаева

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақтар арасында Қарағанды облысы бойынша өңдеу өнеркәсібінде негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлем индексі шығарылды. Атап өткендей, кеншілер аймағы технологиялық күрделілігіне қарамастан, орташа экспорттың жоғары үлесімен ерекшеленді. Индекс тек өндіруге немесе қарапайым көлемге ғана емес, инвестицияларға, технологиялық экспортқа және өнім шығаруды арттыруға негізделген.

Деректерге сүйенсек, облыста жыл басынан бері 2 трлн теңгеге өнеркәсіптік өнімі өндірілді. Өңдеу секторында тұрақты өсу байқалады. Экономиканы дамыту және инвестициялар тарту жалғасып жатыр. Биыл негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 327 млрд теңгеге дейін өсті. 2031 жылға дейін 4,3 трлн теңгеге 108 инвестициялық жобаны жүзеге асыруды жоспарланған. Бұл 11 мың жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, облыста шағын және орта бизнесіте бүгінде 100 мыңға жуық субъект жұмыс істейді,

245 мыңға жуық адам жұмыспен қамтылған. Бұдан басқа, «Qarmet» 2030 жылға дейін 1,6 трлн теңгеге жаңғырту бағдарламасын іске асыруда. Тек биыл ғана инвестиция 294,7 млрд теңгені құраған.

Алдағы уақытта облыста металл бұйымдарын ыстық мырыштау, болат тік тігісті құбырлар, алюминий радиаторлар өндіру зауыттары пайда болады. Ірі жобалардың қатарында Осакаров ауданындағы жел электр стансасы, «Сарыарқа» АЭА-да ферросилиций шығаратын кешен бар.

➤ 3-бет

• ТАҒАЙЫНДАУ

Жаңа орынбасар тағайындалды

Қарағанды облысы әкімінің жаңа орынбасары болып тәжірибелі мемлекеттік қызметкер Руслан Айтықкөпұлы Кенжебеков тағайындалды. Ол жаңа қызметінде агроөнеркәсіптік кешен, ветеринария және табиғи ресурстарды пайдалану салаларына жетекшілік ететін болады.



Руслан Кенжебеков – Қарағанды облысының тумасы, Ақтоғай ауданы Қызылжар ауылында дүниеге келген. Мемлекеттік қызмет саласында 20 жылдан астам уақыт тәжірибесі бар. Өзінің еңбек жолын 2002 жылы Абай ауданы әкімінің аппаратында бастаған. Бұдан кейін Қарағанды облысының Әділет департаментінде түрлі лауазымдарда жұмыс істеді. Сондай-ақ, облыстық монополияға қарсы инспекцияны, бәсекелестікті қорғау және дамыту департаментін басқарды.

Сонымен қатар, Руслан Айтықкөпұлы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік қызмет және кадр саясаты бөлімінде кеңесші қызметін атқарған. 2023-2024 жылдары Ақтоғай ауданының әкімі болып, өнірлік дамуға елеулі үлес қосты. Ал, кейін ҚР Премьер-Министрі Кеңесінің Өнірлік даму және бақылау бөлімінде өнірлік инспектор қызметін атқарды.

2024 жылдың қыркүйек айынан бастап жаңа тағайындауға дейін ол «ORKENDEU» бизнес пен инфрақұрылымды дамыту қауымдастығы» ЗТБ жанындағы Монополияға қарсы саясат комитетін басқарды.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан
Өз тілшімізден


Көмірден – болатқа, болаттан – болашаққа

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Біз жаңа өнеркәсіп саясаты арқылы жаңаша даму үлгісіне көшуге тиіспіз» деген тағдырлы тұжырымы – ел дамуының жаңа белесін айқындаған тарихи бағдар. Бұл үндеу – Қазақстанның шикізатқа тәуелділіктен арылып, озық технологиялар мен жоғары қосылған құн өндірісіне бет бұруының айқын дәлелі. Президент пәрмені – тың экономикалық парадигманың бастау бұлағы, ал, оны іске асыру – әрбір өнірдің, әсіресе, Қарағанды сынды индустриялық локомотивтің қос қолында.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кен көлкіген керемет

Қарағанды облысы – ғасырлар қойнауынан жеткен өндірістік қуаты мен табиғи байлыққа қоры бойынша Қазақстанның индустриялық дамуының алдыңғы шебінде тұрған аймақ. Ел экономикасының локомотивіне айналған өркенді өнір өзінің өндірістік әлеуетімен республика көлемінде ерекше орынға ие. Облыс көмір мен металдың қарашаңырағы ғана



Қолжазба жасаған Арайлым Қоспаева

**ПРЕЗИДЕНТ
РЕФОРМАСЫ**



емес, сонымен қатар, ірі машина жасау және металлургия кәсіпорындарының шоғырланған орталығы. Қазыналы жерінен қазылып алынған қара алтын – көмір, еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Өрісті өлке атақты Қарағанды көмір бассейнінің отаны, ондаған жылдар бойы Қазақстан энергетикасының күретауыры.

Бүгінгі өндірістік әлеуеттің мазмұны да, талабы да, табиғаты да мүлде жаңа сипатқа ие. Яғни, жай ғана эволюциялық өзгеріс емес, өркениетті дамуың заңды жемісі, жаһандық нарықтың жаңаша тынысы, уақыттың қатал талабы. Бірақ, біз бұл жаңашылдыққа қарап отырып, осы күнгі өнеркәсіптің түп-тамырына бойламай кете алмаймыз.

➤ 4-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 607.7

•USD/KZT 519.13

•RUB/KZT 6.65

•CNY/KZT 72.43

Қазақстан Ұлттық Банкінің
23 шілде, 2025 жылғы дерекі бойынша

• ӨЗЕКТІ

Үй арзандай ма?

2026 жылдан бастап, жаңа салынған пәтерлерді сату кезінде құрылыс компаниялары қосымша күн салығы ретінде 16% төлеуге міндеттеледі. Е-Кезекте ақпараттық жүйесінің жаз айларындағы деректеріне сәйкес, облыста бүгінгі таңда тұрғын үй алуға кезекте 33 233 адам тұр, оның ішінде 22 361 халықтың осал топтары санатына жатады.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еліміздегі білікті экономист Айбар Олжайдың айтуынша, күзде тұрғын үй нарығында белгілі бір белсенділік жүреді. Жаңа құрылыс компанияларына, жаңа салынған үйлерге сол уақыттан бастап сатқан кезде қосымша күн салығы 16% болады. Сондықтан, енді пайдалануға берілетін үйлер 2026 жылдан базалық бағасынан 16%-ға қымбат болады деп айтуға негіз бар.

Экономисттің айтуынша, бұл өзгеріс әсіресе, шағын құрылыс компанияларына әсер етуі мүмкін.

– Тұрғын үй бағасының төмендейтініне үлкен күмән бар. Баға екінші қолданыста болған үйлер нарығында да, жаңа нарықта да өсе бастайтыны анық. Себебі, біріншісі кіші құрылыс компаниялардың көбісі нарықтан кетуі мүмкін. Ірі құрылыс компаниялары бағаны қымбаттатады. Белгілі бір дәрежеде дәл осы тұрғын-үй құрылысының ірі қалалардағы қарқыны азаюы мүмкін, – дейді ол.

Оның айтуынша, ипотеканың бағаға әсері сұраныстың артуына



Коллаж жасаған Айбес Рахымжан

байланысты. Адамдардың бөріне үй алуға мүмкіндік берілгендіктен, үй іздейді. Құрылыс компаниялары сол кезде бағаны көтере бастайды. Ипотека арзан және халыққа қолжетімді болған сай-

ын тұрғын-үй бағасы қымбаттай түседі.

Жалпы, өңірде биыл 545 мың шаршы метр тұрғын үй ғимаратын пайдалануға беру жоспарланған. Бұл – 5 мыңнан астам пә-

тер. Осыған тұрғын үй құрылысы жөніндегі жоспарды іске асыру үшін 4,3 млрд теңге сомасында қаражат көзделген. Оның ішінде республикалық бюджеттен бөлінетін 3,6 млрд теңге дайын жалға берілетін тұрғын үйді сатып алуға жұмсалады. Ал, облыстық бюджет бөлетін қалған 700 млн теңге тұрғын үйлерге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салуға жұмсалады.

Айта кетейік, өткен жылы өңірде 540,326 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл биыл жоспарланғаннан 5 мың шаршы метрге аз.

Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы мамандары атап өткендей, өңірде кезекте тұрғандарды тұрғын үймен қамтамасыз етуде мемлекеттік қолдаудың бірнеше түрі бар. Оның ішінде күнкөріс деңгейінен сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй беріледі.

Мемлекеттік қолдаудың тағы бір шарасы «Отбасы банк» АҚ арқылы жүзеге асады. Кезекте тұрғандарға жеңілдетілген қарыздар беру үшін республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатынан бюджеттік кредиттер береді.

• БРИФИНГ

Тосын апатқа тосқауыл

Алдағы күндері «Жер – 2025» атты республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу жиыны өтеді. Бұл оқу-жаттығудың мақсаты – еліміздің сейсмикалық қауіпті аймақтарындағы жойқын жер сілкінісі салдарының алдын алуға, бақылау органдарының азаматтық қорғаныс күштері мен құралдарының әзірлігін тексеруге бағытталған.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы оқу-жаттығу штабы Шымкент қаласында орналасты. Аталған өңірге Түркістан, Қызылорда және Жамбыл облыстарынан күштер мен құралдар жұмылдырылды. Оқу-жаттығу орнында апаттық жағдайдағы

құтқару, сонымен қатар, халықты эвакуациялау, тұрақты байланысты қамтамасыз ету және зардап шеккендерді уақытша орналастыру бойынша түрлі жаттығулар өтетін болады.

Жалпы, ел аумағында жер сілкінісі болуы ықтимал сегіз аймақ анықталды. Олар – Алматы қаласы, Әуезов ауданының өзінде 4 сектор, Жамбыл облысының Байзақ және Жамбыл аудандарында, Шымкент қаласының Қаратал ауданы, Шығыс Қазақстан облысында Қатонқарағай және Күршім аудандары, сонымен қатар, Түркістан облысының Арыс қаласы, Алматы облысында Талғар ауданы, Жетісу облысында Талдықорған, Текелі қалаларында, Ескелді ауданы және Абай облысының Жарма аудандары.

Ал, біздің облыс аумағындағы апаттың алдын алуға бағытталған дайындық жұмыстары

жөнінде Қарағанды облысы төтенше жағдайлар департаменті төтенше жағдайларды жою басқармасының басшысы Нұржан Жақатаев Токсанұлы тоқталып өтті.

– Қарағанды облысында Балқаш, Приозерск және Сарышаған елдімекендері – 5-6 балдық сейсмикалық жер сілкінісі болуы мүмкін аймақтарда орналасқан. Сол себепті сейсмикалық станция іске қосылды. Облыстық азаматтық қорғау қызметкерлерін тастүйін дайын ету, оларды оқиға орнына жіберу арқылы инженерлік арнайы және қосалқы техникаларды теміржол платформаларына тиеуді үйрету біздің мойнымыздағы іс. Біздің гарнизонымыз – облыс төңірегінде болатын барлық төтенше жағдайлардың алдын алу, және қалпына келтіру шараларына дайын деп нық сеніммен айта аламын, – деді

Нұржан Токсанұлы.

Қазіргі таңда облыс техникалық жабдықтармен тоқсан бес пайызға қамтылған. Жарамдылығына қарай оларды уақытылы ауыстыру да қолға алынған іс. Кейінгі жылдары министрлік және жергілікті атқарушы билік тарапынан қомақты көмек көрсетілді. Құтқарушылар мен өрт сөндірушілер қажетті заманауи талаптарға сай техникалар, жүзу құралдарымен жабдықталды.

Табиғи апаттың алдын алу – тек құтқарушылардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. «Жер – 2025» оқу-жаттығуы арқылы еліміздің төтенше жағдайлар қызметтері кез келген сәтте жедел әрекет етуге дайын екенін көрсетуде. Мұндай жаттығулар халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жүйелі жұмыстың маңызды бөлігі болып қала бермек.

• «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ – 2025»

Нақты дерек – нық шешім

1-31 тамыз аралығында Қазақстанда Ұлттық ауыл шаруашылығы санағының бірінші кезеңі өтеді. Осы уақыт аралығында барлық қатысушы sanaq.gov.kz сайтында онлайн форматта санақтан өте алады. Сайтта ауыл шаруашылығы өндірушілері мен үй шаруашылықтарына арналған екі түрлі сауалнама парағы болады.

Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы немесе балық шаруашылығымен айналысатын заң-

ды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары 2-АШК/ІШФҚ санақ парағын толтыруы тиіс. Бұл

сауалнама тоғыз бөлімнен тұрады және 29 сұрақты қамтиды. Онда жер учаскелерінің көлемі, олардың қалай пайдаланылып жатқаны, суару тәсілдері, жердің меншікке немесе жалға алынғаны туралы мәліметтер көрсетілуі керек.

Сауалнамада шаруашылықтағы мал, құс, балық саны, қолданылатын техника, құрал-жабдықтар, қой-

малар, сақтау орындары мен басқа да қажетті нысандар туралы ақпарат сұралады. Қатысушылар тынай-тықштарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын қолдану, органикалық өнім өндіру, ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу, сондай-ақ, жұмысшылардың саны мен олардың сипаттамасы жөнінде де мәлімет береді.

Өз тілшімізден

• ИНВЕСТИЦИЯ

«Qarmet»-ті жаңғырту жалғасады

Өнеркәсіп және құрылыс министрінің орынбасары Олжас Сапарбеков Үкімет отырысында «Qarmet» кәсіпорынын жаңғыртуға 3,5 млрд доллар инвестиция тартылатынын айтты. Қазіргі таңда кәсіпорынды газға қосу жұмыстары жалғасуда.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– «Qarmet» кәсіпорынын жаңғыртуға 3,5 млрд доллар көлемінде инвестиция құю көзделген. Бұл жоба болат өндірісін 5 млн тоннаға ұлғайтып, көмір химиясын дамытуға және 2028 жылға қарай зиянды шығарындыларды 20 %-ға азайтуға мүмкіндік береді. Шығарылатын өнімнің түрін кеңейту және сапасын арттыру үшін отандық өндірушілермен кооперациялық ынтымақтастық дамып келеді. «Qarmet» мырыш болатынан автобус корпусының каптамалары мен ыстық прокаттан рама тораптары жасалуда. Суық прокаттан тұрмыстық техника корпустары шығарылып жатыр, – деді ол.

Вице-министрдің айтуынша, биыл «Qarmet» болаттың тегіс прокатынан әртүрлі диаметрдегі тік тігісті құбырлар өндірісін іске қоспақшы.

– «Соколов-Сарыбай тау-кен байыту кешені» базасындағы ыстықтай брикеттелген темір өндіру жобасы домна өндіріс процесін алмастырып, темір үлесі 90%-дан асатын өнім алуға мүмкіндік береді, –

деді Олжас Сапарбеков.

«Qarmet» директоры Вадим Басиннің айтуынша, комбинатты газға көшіру жұмыстары жалғасуда.

– Қазір сыртқы газбен жабдықтау сызбасын құрастыру жұмыстары жүріп жатыр. Шілде айының соңына дейін сыртқы газбен жабдықтау жұмыстарын аяқтап, тамыз айында бірінші кезеңінде газ қабылдайлық ынтымақтастық дамып келеді. «Qarmet» мырыш болатынан автобус корпусының каптамалары мен ыстық прокаттан рама тораптары жасалуда. Суық прокаттан тұрмыстық техника корпустары шығарылып жатыр, – деді кәсіпорын директоры.

Айта кеткен жөн, 2028 жылға қарай жылына 5 миллион тонна болат, 9 миллион тонна көмір және 5 миллион тонна темір кені концентратын өндіру жоспарлануда. Қоршаған ортаға әсерді азайтып, зауытты табиғи газға көшіру арқылы экологиялық жүктемені 30%-ға төмендету көзделген.

• РЕСМИ

Құжат алу жеңілдеді

Мемлекеттік корпорация өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарын жетілдіріп, цифрландыру трендтеріне сай постоматтарды енгізуде. Бұл құрылғылар дайын құжаттарды 24/7 режимінде алуға мүмкіндік береді. Жыл басынан бері қазақстандықтар постоматтар арқылы 1 623 құжат алған. Қазір постоматтар еліміздің 10 өңіріндегі 14 жаңғыртылған ХҚКО-ның «24/7 аймақтарында» орнатылған.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Постоматтар арқылы азаматтар 19 түрлі мемлекеттік қызмет нәтижесін алады. Олардың қатарында азаматтық хал актілерінің қайталама куәліктері мен мұрағаттық анықтамалар, жылжымайтын мүлікке құқықты растайтын құжаттар, барлық деңгейдегі білім туралы құжаттардың телнұсқалары бар. Сонымен қатар, апостиль қойылған ресми құжаттар мен жылжымалы мүлік кепілін тіркеу нәтижелері де беріледі.

Қызмет алушы постомат арқылы құжат алғысы келсе, бұл туралы ХҚКО маманына өтініш беру сәтінде хабарлауы кейін азаматқа SMS-хабарлама жіберіледі. Онда өтініш нөмірі, постомат мекенжайы, сақтау мерзімі және 6 таңбалы құпия

код көрсетіледі.

Құжатты алу үшін қызмет алушы постоматқа SMS-тегі кодты енгізіп, биометриялық сәйкестендіруден өтуі тиіс. Осыдан кейін постомат ұяшығы автоматты түрде ашылады. Құжатты 3 күн ішінде алып үлгермесе, құжат бастапқы ХҚКО-ға қайтарылады.

Бұл шешім дайын құжаттарды беру секторларына түсетін жүктемені азайтып, қызмет көрсету уақытын қысқартуға мүмкіндік беріп отыр. Постомат қызметі азаматтарға уақыт үнемдеуге, фронт-офистерге бару қажеттілігін азайтуға жол ашты. Жүйе халыққа қызмет көрсетудің ыңғайлылығы мен тиімділігін арттырды.

Жалпы алғанда, бұл бастама цифрлық Қазақстан тұжырымдамасы аясында іске асырылып, мемлекеттік қызметтерді қолжетімді әрі жылдам етуге бағытталған.

• АКЦИЯ

Жағалау тазарып қалды

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Бұқар жырау ауданы Семізбұғы көлінің жағалауында тазалық жұмыстары ұйымдастырылды. Оған жүзге жуық адам қатысты. Олардың қатарында жақын маңдағы ауылдардың тұрғындары, еріктілер және «Жасыл ел» жасактарының сарбаздары болды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Акцияның мақсаты – табиғи аумақтың қоқыстан тазарту, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және жастардың туған жерге деген жанашырлығын арттыру.

– Біріншіден, мұндай акциялардың мақсаты – жағалауларды қоқыстан тазарту. Екіншіден, біз үшін жастардың аудан өміріне белсене араласуы, оның тарихын

білуі және туған өлкесін бағалауы маңызды. Мысалы, Семізбұғы маңында өткен ғасырдың 30-жылдары қорғаныс өнеркәсібінде қолданылған қорунд өндірілген, – дейді аудан әкімі Ерлан Құсайын.

Көл жағалауында еңбек еткендердің арасында Теміртаудан арнайы келген демалушылар да болды. Солардың бірі Елена Салькова ойымен бөлісті.

– Біз отбасымызбен бұл көлге жыл сайын келеміз. Мұнда туған-туыстарымыз тұрады, әкем – Семізбұғы ауылының тумасы.

Ауа райына қарамастан, суға шоғыламыз. Өйткені, бұл жердің суы шипалы. Өкінішке қарай, кейбір демалушылар артынан қоқыс тастап кетеді. Сондықтан, осындай шаралардың ұйымдастырылғаны қуантады. Жастар табиғатқа қамқорлық жасаудың жарқын үлгісін көрсетіп жатыр, – деді ол.

Экологиялық акцияға алғаш рет қатысып отырған 19 жастағы «Жасыл ел» сарбазы Нұрасыл Жұмажан да бұл бастаманың маңызды екенін айтады.

– Бұл шараға қатысып, қоғамға пайдалы болуы үшін бірліктің маңызын түсіндім. Мұнда жаңа достар таптым. Қоршаған ортаны таза ұстау – ортақ парыз, – деді ол.

Акцияны ұйымдастырған –




аудандағы Жастар ресурстық орталығы.

– Семізбұғы көлінің жағасында тазалық жұмыстары жыл сайын жүргізіледі. Алайда, биылғы акция челлендж форматына ұласып отыр. Біз бұл эстафетаны ауданның өзге елдімекендеріне жолдағымыз келеді. Өйткені, бізде демалуға болатын әсем жерлер көп. Мысалы, Центральное ауылында каньон бар – ол жерді де тазарту қажет. Нұра өзені бойында да осындай акция өткізу жоспарланып отыр. Басты мақсат – әр демалыс орнында адамдар тазалық жайлы ұмытпайтын жағдай жасау, – дейді орталық маманы Аян Құдайбергенов.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Қарағанды көш басында



Информация жасаған Айдос Рахможан

(Соңы. Басы 1-бетте).

Айта кету керек, Ұлттық статистика бюросы аймақтарға қатысты деректерді ресми мәліметтер негізінде есептеген. Аталған ведомство 2025 жылдың қаңтар-маусым айларына арналған «Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму көрсеткіштері» жинағын жариялаған.

Индекс жалпы еңбек өнімділігінің өсімін, сондай-ақ өңдеу өнеркәсібінің экспорттағы орташа және жоғары үлесін, технологиялық күрделі тауарлар экспортының үлесін сараптайды. Барлық деректер min-max нормализация арқылы бірыңғай шкалага келтірілгендіктен, көрсеткіштердің салмағы негізгі компоненттер әдісімен есептеледі. Ол аймақтар арасындағы айырмашылықтарды да көрсетеді.

Индекс осындай бірнеше көрсеткіштер арқылы құрылады. Шикізатты емес, күрделі өнімдерді экспорттауда және өнімділікті арттыруда индекс нәтиже береді. Бір жағынан «қазу және сату» үлгісінде қалмай, ертеңгі

өнеркәсіптік экономикаға қалай көшуге болатын жарқын мысал.

Бұл орайда аутсайдерлер, яғни, озық технологияларды игерген шағын және орташа кәсіпорындар инновациялық жолда олжа оңай игерілмейтінін еске салуы мүмкін. Бұл жерде құрылымдық инвестициялар, қосылған құн экспорты және аймақтық саясатты қайта қарастырусыз индекс шығару оңай емес екенін де ескерген абзал.

Биыл жиынтық индекс бойынша «Топ-5» аймақ қатарында жоғары технологиялық өнім экспортымен Астана қаласы үздіктер қатарынан көрінді. Инвестициялардың күшті серпіні бойынша Қызылорда облысы, күрделі тауарлар экспортының салыстырмалы түрде жоғары үлесімен Түркістан облысы танылып отыр. Ал, Маңғыстау облысы жоғары технологиялық тауарлардың қарапайым экспортына қарамастан инвестициялар мен өнімділіктің өсуіне сүйенген.

– Индекстегі алдыңғы қатарлы өңірлер – бұл өсімді тек шикізат өндірумен емес, инвестициялар тарту, технологиялық экспорт

көлемін арттыру және еңбек өнімділігін көтеру арқылы қамтамасыз етіп отырған аймақтар. Бұл индекс индустрияландырудың сан емес, сапа жағынан бағалануы қажет екенін көрсетеді. Көшбасшы өңірлер саналы өсімді қамтамасыз етіп отыр – олар тек қазба байлыққа иек артпай, технологияларға қаржы салып, күрделі өнімдер шығарып, өндіріс тиімділігін арттыруда. Мұндай тәсіл – ертеңгі өнеркәсіптік экономикаға бастар жолдың нақты үлгісі, – дейді зерттеу авторлары.

Индекс тек индустрияландыру жетістіктерін бағалап қана қоймай, елімізде жүргізіліп жатқан инновациялық мемлекеттік саясаттың тиімділігін саралауға мүмкіндік береді.

Tengnomika аналитикалық каналы мамандарының мәлімдеуінше, жалпы қосымша құнның әрбір өсімін индустрияландыру деп атауды тоқтатқан жөн. Десек те, нақты шешімдердің нәтижесі болып табылатын нағыз индустриялық экономиканы құруды бастайтын кез келді.

Суреттер ашық дереккөзден

• ӨНДІРІС – ӨҢІР ӨЗЕГІ

Нұраның көкжиегі кеңейеді

Аймақтағы ауылдық жерлерде елге қажетті қызыл кірпіш шығаратын өндіріс пайда болады. Зауыттың құрылысы Нұра ауданының Ахмет ауылында басталды.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жобаны іске асыру 80 жаңа жұмыс орнын құрады. Жоба аудан басшылығы мен жұртшылықтың қатысуымен іске қосылды.

– Қазақстанда қызыл кірпіш өндірісі аймақтық деңгейде дамып келеді, бұл құрылыс индустриясына қажеттілікті толық қамтамасыз етеді.

Бұл жаңа кәсіпорынның құрылысы ғана емес, ауданның болашағына жасалған маңызды қадам. Бүгінгі таңда ауылдық елдімекендерге инвестиция тарту – басым міндеттердің бірі. Жергілікті атқарушы органдар мен инвесторлардың бірлескен жұмысы ауылдарды дамытуға жаңа серпін береді, – деп атап өтті Нұра ауданының әкімі Бақытжан Мұқанов.

Құны 1,5 млрд теңге болатын жобаны «Бірлік Нұра» ЖШС жүзеге асыруда. Кәсіпорынның мәліметінше, биыл құрылыс жұмыстарын аяқтау, қажетті жабдықтарды сатып алу және орнату

жоспарланған. Ол келесі жылдың басында іске қосылады.

Жаңа кірпіш зауыты құрылыс материалдарына қажеттілікті қамтамасыз етеді. Жобаның әлеуметтік маңызы – ауылдық жерлерде қосымша тұрақты жұмыс орындарын ашып, салық түсімі арттыруға негізделген.

Нұралықтар құрылыс саласында кеңінен қолданылатын негізгі материалдардың бірі – қызыл кірпіш зауыты салынатынын жақсылыққа балап отыр.

– Негізінен сазды балшықтан жасалып, арнайы пештерде жоғары температурада күйдіріледі. Қызыл кірпіш су мен ауа райы өзгерістеріне төзімді, коррозияға ұшырамайды. Қабырғаларда жылуды жақсы оқшаулап, үйдің жылу деңгейін де ұстайды, – дейді жергілікті тұрғындар.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• МЕТАЛЛУРГИЯ

Балқытылған болатта өсім бар

Үкімет отырысында Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Олжас Сапарбеков 2025 жылы елімізде мыс өңдеу екі есе ұлғаятынын мәлім етті.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Вице-министрдің сөзіне сүйенсек, жалпы ішкі өнімдегі тау-кен металлургия кешенінің үлесі 8%-ды құрайды. Өнім көлемі 14 трлн теңгеден асады, салада 224 мыңға жуық адам жұмыспен қамтылған. Өткен жылы металлургия саласына 1,7 трлн теңгеден астам инвестиция салынды. Саладағы еңбек өнімділігі бір жұмысшыға шаққанда 102\$ мынды құрап, 9,4%-ға өсті.

– Отандық кәсіпорындарды негізі металдармен қамтамасыз ету шарасы орташа және жоғары өнімдерді өндіретін кәсіпорын-

дардың жүктемесін ұлғайтуға мүмкіндік беруде. Нәтижесінде катанка, кабель өнімдері, аккумулятор, терезе профильдері мен жиһаз фурнитураларының және басқа да тауарлардың өндірісі ұлғаюда. Жылыту радиаторларын өндірістік аккумуляторлар мен латунь бұйымдарын өндіретін жаңа жобалар іске қосылды, – деді вице-министр.

Алдағы уақытта темір кенін өндіру ішкі сұраныстың өсуінен және жаңа жобалардың қосылу есебінен 40%-ға немесе 52 млн тоннаға дейін өседі.

Сурет ашық дереккөзден

• ИНВЕСТИЦИЯ

Инфляциядан биік, сенімнен берік

Зейнетақы жинақтарының 40%-ы – инвестициялық табыс есебінен. Биыл 1 маусымдағы жағдай бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы азаматтардың жинақтарына 2014 жылдан бері 11,67 трлн теңге таза инвестициялық табыс түскен. Бұл – жалпы зейнетақы жинақтарының 39,6%-ын құрайды. Яғни, әрбір екінші теңгеге жуық табыс азаматтардың өз салымдарынан емес, қаржы құралдарына тиімді инвестициялау нәтижесінде қалыптасқан.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сарапшылар зейнетақы активтерінің қысқа мерзімді табыстылығына қарап, оны басқару тиімділігі туралы ой ұйғару жасау қате тұжырым екендігін еске салады. Себебі, қаржы құралдары мен операциялардан түскен сыйақы түріндегі қысқа мерзімді кірістер бағалы қағаздар мен валюта бағамының құбылуын толық өтей алмайды. Мұндай уақытша «тербелістер» нарықтық циклдің бір бөлігі ғана. Ал, нағыз нәтижені көру үшін кемінде бір жылдық инвестициялық табысқа сүйенген дұрыс. Тек осындай ауқымды кезеңде зейнетақы активтерін басқарудың шынайы тиімділігін бағалауға болады.

Зейнетақы активтері бір жылда 2,6 трлн теңге табыс әкелді. Үнемі құбылып тұрған экономикалық жағдайда зейнетақы жинақтары салымшыларға нақты табыс әкелуді жалғастыруда. 2024 жылғы маусым мен 2025 жылғы мамыр аралығында



Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі басқаратын міндетті кәсіптік және ерікті жарналар есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері салымшылар шоттарына 2,60 трлн теңге көлемінде табыс әкелген. Осы кезеңде есептелген инвестициялық табыс 13,08%-ды құрап, 11,30%-дық инфляцияны басып озды. Ал, жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан активтердің кірістілігі 11,39% деңгейінде тіркелді. Аталған көрсеткіштер жинақтардың құнсызданбай, нақты өсіммен толыққанын айқын көрсетеді.

Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі өзінің тиімділігін күнбе-күн дәлелдеп келеді. Орта және ұзақ мерзімді келешектегі салымшылар үшін жинақтардың нақты табыстылығы, яғни, инфляцияны басып озатын өсім қамтамасыз етілмек. Мәселен, жүйе іске қосылған 1998 жылдан бастап 2025 жылғы 1 маусымға

дейінгі аралықта жинақталған инвестициялық табыстылық 972,48%-ға жетті. Осы кезеңдегі жинақталған инфляция 884,38%-ды құраған. Демек, зейнетақы активтері тек құнсыздануды өтеп қана қоймай, салымшыларға нақты қаржылық өсім де беріп отыр. Ұзақ мерзімді басымдықта бұл – салымшылар үшін сенімді қаржылық тірек екенінің дәлелі.

Демек, мемлекет зейнетақы жинақтарының сақталуына кепілдік береді. Түп нәтижесінде салымшының зейнетақы төлемін алу құқығы туындаған сәтте, егер жинақталған инвестициялық табыс инфляциядан төмен болса, туындаған айырманы мемлекет өтейді. Яғни, уақытша нарықтық ауытқулар жинақтардың құнсыздануына жол бермейді. Мұндай тетік азаматтардың зейнетақы жүйесіне деген сенімін арттырып, олардың болашағына қаржылық қорған болады. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару

мен есепке алу жүйесі толықтай ашық. Әрбір салымшының enpf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетінен өзінің инвестициялық кірісін көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін қалай басқарады? Олар қайда және қандай шарттармен инвестицияланады? Аталған сауалдардың жауабын әрбір салымшы біле алады. Қор зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы толық әрі нақты ақпаратты ресми сайтында ұдайы жариялап отырады. Барлық мәліметтер [www.enpf.kz], (http://www.enpf.kz) сайтындағы «Статистика және аналитика – Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару» бөлімінде қолжетімді. Ашықтық пен есептілік – зейнетақы жүйесіне деген сенімділіктің негізі.

Сурет ашық дереккөзден

Көмірден – болатқа, болаттан – болашаққа



(Соңы. Басы 1-бетте).

Себебі, тереңнен тамыр тартқан аймақ тарихы алғы буынның тіршілік көзін таба білген, есеппен күн көрген, табыспен тірлік еткен көреген дәстүрінің заңды жалғасы. Жерден кен өндіру бізге жат емес, керісінше, ұлттық кодмыздың бір тармағы. Әр заманның өз кәсібі, әр қоғамның өз нарығы бар. Бірақ, бүгінгі индустрияның ауқымы мен архитектурасы мүлде басқа деңгейде. Атаулы сараптамалық дүниені жазудағы басты мақсатымыз да — дәл осы өзгерістердің мәнін ашу, бүгінгі Қарағандының тек қаржылық тұрғыдан ғана емес, үлкен әлеуметтік, экономикалық, тіпті, мәдени құбылысқа айналғанын айқындау еді.

Шынында да, осы өркеніет талаптарын толық меңгерген, цифрлы трансформация мен логистикалық жеңілдіктерді үйлестіре білген күрделі жүйеге айналды. Енді кез келген кәсіпорын — тек өнім мен қызметтің алмасуы емес, селкеусіз сенімнің, технологияның, стратегияның алмасу алаңы. Ірі бизнес айналымы — осы жаңа экономикалық дәуірдің басты көрсеткіші.

Осы орайда, металл өндіру саласында да аймақ көш бастап тұр. Балашақтағы мыс балқыту зауыты әлемдік деңгейдегі өндірістер қатарында. Түсті және қара металлургияның, әсіресе, феррокорытпа өндірісінің дамуында Қарағандының үлесі орасан. Жоғары технологиялармен жабдықталған зауыттарда өндірілетін өнімдер ішкі нарықпен қатар шетел сұранысын да қанағаттандырып отыр. Мұнымен қоса, машина жасау саласы қарқын алып келеді. Автоқұрастыру, ауыл шаруашылығы техникасын шығару, тау-кен өнеркәсібіне арналған ауыр машиналар өндірісі аймақтың индустриялық картасында ерекше орынға ие. Сан қыры салада мыңдаған адам еңбек етіп, отандық өнімнің сапасын арттырып, ел экономикасының өркендеуіне үлес қосуда. Бүгінде Қарағанды облысы Қазақстанның өнеркәсіптік өндіріс көлемінің шамамен 25 пайызын құрайтын қуатты экономикалық аймаққа айналған. Бұл — әрбір еңбек адамының маңдай терімен келген жетістік, ғасырлар сабақтастығының жемісі.

Орталық облыс тек Қазақстанның ғана емес, мұқым Орталық Азияның өндірістік тіректерінің бірі. Индустрияның жүрегіне айналған аймақ жыл сайын өсіп келе жатқан қарқынымен ел экономикасына өлшеусіз үлес қосып отыр. Облыс жылма-жыл шамамен 3,5 триллион теңгеге өнеркәсіп өнімін өндіреді. Оның 2,6 триллионы өңдеу өнеркәсібінің үлесіне тиіп отыр. Осы көзайым көрсеткіштер Қарағандының өндірістік қуаты жыл өткен сайын артып келе жатқанын тағы бір дәлелдесе керек. Инвестициялық белсенділік те едәуір жоғары. Негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемі 727 миллиард теңгеге жетіп, кәсіпкерлік пен ірі өндіріс ошақтарының дамуына жол ашты. Ал, биылдың алғашқы жартыжылдығында облыстағы өнеркәсіптік өндірістің көлемі 2,3 триллион теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда оң серпін байқатты.

Өндіріс қуатының құпиясы

Сағат тілі кері айнамайды. Өндірісті өлкенің бұл күнгі кемел келбеті — адамзат өркениетінің мыңдаған жылдар бойғы тәжірибесі

мен тіршілігінің заңды жалғасы екенін бағамдаймыз. Өндіріс атаулысы тек қазіргі заманның жемісі емес, адамзат тіршілігінің негізгі дінгектерінің бірі. Иә, әр заман бедеріндегі түрлі өркеніеті кен игеруді даналығымен, алыс-берістегі алғырлығымен де ерекшеленген. Демек, бүгінгі өндіріс өрісі жаһандық нарықтың цифрлы эжойесінде өмір сүріп жатқанымен, оның түп негізі сол терең тарихта жатыр. Міне, қараңыз! Тарихпен үндескен тіршілік, уақытпен өрілген өркеніет. Енді болжамға бет бұрып көрелік.

Болжам бойынша, жыл қорытындысы Қарағанды экономикасының 6,5 пайызға, ал, өнеркәсіп секторының 6,9 пайызға дейін өсетінін көрсетіп отыр. Жалпы, өңірдің инвестициялық бағдарламасы аясында 1,5 триллион теңге көлеміндегі жобалар қолға алынуда. Соның ішінде, 17 ірі жобаның үлесі 194 миллиард теңгеге тең. Баянды бастамалар 2 700 жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік беріп, өңір халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға зор ықпал етпек. Қарағанды — тек көмірдің ғана емес, болашақтың қаласы. Индустриялық-инновациялық даму бағытындағы табысты жобалар мен алға қойылған ауқымды мақсаттар — өңірдің жаңа дәуірге қадам басқанын айғақтайды.

Соңғы жылдары өңір индустриясы жаңа биіктерді бағындырып, өндірістік қуат пен технологиялық жаңғырудың нақты үлгісіне айналып отыр. Салада 42-45 пайыз көлемінде өсім тіркеліп, Қарағанды машина жасаудың жаңа кезеңіне қадам басты. Ел көлемінде Сарандағы әйгілі QazTehna зауыты қазіргі заманғы автобустардың 1700-ге жуығын құрастырып шығарды. Жойқын жоба өңірдің ғана емес, тұтас елдің көлік саласындағы технологиялық тәуелсіздігін арттыруға



лы отандық тауармен қамтамасыз етуге бағытталған. Құрылыс индустриясы аймақта 7,8 пайыздық өсіммен ерекшеленіп отыр. Бұл кірпіш, отқа төзімді және жылу окшаулағыш материалдар өндірісінің артуымен тікелей байланысты. Өңірдің осы бағыттағы өнімдері өзге облыстарға да жеткізіліп, сұранысқа ие болып келеді. Фармацевтикада 20 пайыз өсім бар. Ал, қағаз өнімдері өндірісі де оң динамикаға ие.

Міне, Қарағанды өңірінің өндірістік өркендеуі мен индустриялық-инновациялық серпіні туралы нақты деректер мен нақты жетістіктерге көз жеткіздік. Бірақ, сандар мен жобалар артында не жатыр? Шындығында, өндіріс дегеніміз тек жалаң цехтар мен зауыттар ғана емес. Адамзаттың еңбекпен өрілген рухани эволюциясы. Технологи

я мен жаңашылдыққа иек артқан жолында. Машина жасау, цифрлы өндіріс, фармацевтика мен жасыл технология — мұның бәрі әлеммен бәсекелесуге қабілетті елдің ұлы жобалары. Жоталы жобалар тек экономиканы өркендетіп қоймайды, адам өмірінің сапасын өзгертеді, болашақ ұрпаққа таңдау еркіндігін сыйлайды. Сол себепті де, өндіріс біз бен сіз үшін тек құрылым емес — ол үміт, ол күрес, ол жаралыс. Қарағандының күре тамырында соғып жатқан осы үміт пен күрес — күллі Қазақстанның келешегінің қуатты импульсі.

Цифрлы өріс пен

«жасыл» технология

Аймақ Қазақстанның барлық марганацінің 100 пайызын, көмірдің 30 пайызын, ал, металлургия саласында ұлттық болат өндірісінің 40 пайызына дейінгі бөлігін қамтамасыз етіп отыр. Атаулы сандар тек өндірістік көрсеткіш қана емес, елдің энергетикалық және құрылыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін стратегиялық артықшылық. Яғни,

қасының әрбір векторы «жасыл» даму мен технологиялық жаңғырудың нақты белгілерін көрсетіп отыр. Қазірдің өзінде облыстағы өндірістік үдерістерге жасанды интеллект, автоматтандыру, big data талдау және өнеркәсіптік робототехника сынды жаңа толқын технологиялары енгізілуде. Бұл — өндірістің тиімділігін арттырып қана қоймай, адами капиталдың сапалы түрленуін талап ететін, күрделі де қызықты үдеріс.

Ал, «жасыл металлургия» — болашақтың мүлдем ұр жаңа парадигмасы. Байсалды бастама тек экологиялық стандарттарды сақтау емес, сонымен қатар, тұрақты дамуға негізделген экономикалық модельдің іргетасы. Осындай жойқын жобалар Қазақстанды жаһандық нарықта жаңа сападағы ойыншы ретінде танытады. Ол дегеніміз — таза өндіріс, жоғары экспорттық стандарт, заманауи еңбек мәдениеті. Қазіргі таңда Қарағанды облысы еліміздің индустриялық бағытын жаңа деңгейге көтеріп қана қоймай, барша Қазақстанның технологиялық

жаңғыруының басты генераторына айналып отыр. Мұнда басталған жобалар — ертеңгі ел көлеміндегі өзгерістердің алғышарты. Ендеше, Қарағанды болашақты алдын ала сезіп, сол болашаққа қадам басып үлгерген санаулы өңірлердің бірі.

Жаңғыру мен өркендеу үлгісі

Бүгінгі таңда аймақта индустриялық-инновациялық дамудың екінші толқыны басталды. Толқын — тек шикізат өндірумен шектелмейтін, өңделген, дайын, жоғары қосылған құны бар өнімді экспорттауға бағытталған жаңа экономикалық парадигма. Келер жылдан бастап іске қосылуы жоспарланған химия, металл өңдеу, микроэлектроника мен биотехнология саласындағы жобалар арқылы Қарағанды өңірі еліміздің жаңа экономикалық тірегіне айналуы мүмкін. Ол дегеніміз — инвестициялық климаттың, адами капиталдың және ғылыми әлеуеттің үйлесімді дамуының нәтижесі. Қарағандының ертеңі — жасампаз еңбек пен саналы индустрияға сүйенген ертең. Демек, тың мүмкіндіктер мен жаңа биіктерге бастар жолдың басы ғана. Әрбір іске асқан жоба, әрбір құрылған жұмыс орны — тек облыстың ғана емес, тұтас Қазақстанның келешек әл-ауқатының берік іргетасы.

Осындай даму динамикасы мен жан-жақты бағдарланған саясаттың арқасында орталық облыс — еліміздің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуші басты тіректердің бірі бола отырып, табысты, технологиялық, әлеуметтік тұрғыдан тұрақты аймақ ретінде қалыптасып келеді. Бүгінгі жетістік — ертеңгі серпінінің бастауы. Ал, сергек серпін — қазақстандық өндірістің жаңа дәуіріне апарар сенімді жол.

Респондент пікірі

Иә, қазіргі уақыт — өміршен өзгерістердің, тоқтаусыз түрленудің, үдей түскен даму мен серпілістің дәурен-дәуірі. Қоғамның әр сәт сайын құбылып, қарқынмен дамуы — кешегі озық тәжірибені ертең-ақ тарихи архивке айналдырып, «күнін өткерген» қатарға қосып жатады. Бүгінгі таңғаларлық жоба — ертеңгі күні ескірген стандартқа айналуы мүмкін. Міне, осындай динамикасы жоғары, үнемі жаңарып отыратын шындықта өндіріс саласы да бейжай күйде қала алмайды. Сан сырлы сала енді бұрынғыдай тұрақты бір

жолмен емес, икемділік пен жылдам бейімделуге негізделген жаңа парадигмада жұмыс істейді. Нарықтың да табиғаты түбегейлі өзгерді. Бір сәттік шешім — ұзақ мерзімді табыстың кілтін айналуы мүмкін, ал, кілтіріс — мүмкіндік есігінің тарс жабылғаны.

Сондықтан, қазіргі заман — бағытқа қадам мен стратегиялық көрегенділікті, технологиялық серпін мен адами әлеуеттің үйлесімін талап етеді. Кез келген кәсіпорын тек өз ісінің шебері ғана емес, уақыттың тамырын дөп басар сарапшы, әр өзгерісті болашақтың мүмкіндігіне айналдыра алатын жаңашыл тұлға болуы тиіс. Бүгінгі өндіріс тек табыс табудың құралы емес, ұлт дамуының, қоғам ілгерілеуінің тірек тетігі. Сондықтан, заманауи бетбұрыстар дәуірінде орталық облыс тек бейімделудің емес, жаңашылдық пен бастамашылдықтың, сын-қатерлерден мүмкіндік тудыру өнерінің символына айналды деп ой тұжырады тәуелсіз сарапшы Әлия Мұратова.

— Қарағанды өңірінің индустриялық-инновациялық дамуындағы осындай айқын серпін мен ауқымды жобаларға куә болып, үлкен қуаныштымын. Асылы, біздің экономикалық дербестігіміздің және технологиялық әлеуетіміздің нақты көрінісі — бұл дегеніміз. Жаңа технологиялар мен жоғары қосылған құнды өнімдерге басымдық беру арқылы облысымыз тек Қазақстанда ғана емес, халықаралық аренада да бәсекеге қабілетті болатынына сенімім зор. Жұмыс орындарының көбеюі мен тұрғындардың әл-ауқатының жақсаруы — біздің басты жетістіктеріміздің бірі. Осылайша, Қарағанды — болашаққа сеніммен қарайтын, тұрақты дамып келе жатқан индустриялық орталық. Барша әріптестеріме осындай тың бастамаларды жүзеге асыруда табыс тілеймін! — дейді Әлия ханым.

Тобықтай түйін

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңаша даму үлгісі — заман ағымымен үндескен ұлы идея. Президент пәрмені әр азаматтың еңбегі мен шығармашылығын, елдің табиғи байлығы мен технологиялық мүмкіндіктерін ұштастырып, жаңа тарихи дәуірдің іргетасын қалап отыр. Мұнда әрбір өндіріс — тек өнім емес, білім мен жаңалықтың, ізденіс пен мақсаттың жемісі. Қарағандының индустриялық серпіні еліміздің болашағын айқындайтын бөлек нышанға айналып, елімізді дамудың жаңа шындырына жетелейтін шамшырақ болмақ. Осылайша, өрісті өндіріс — халықтың берекесін арттырып, жүзеге асыратын сенімді жолға бастайды.

Иә, Қарағанды — көмірден басталған құратамыр, болатпен шындалған рух және болашақпен өрілген таңғажайып тағдыр. Осы өңір — тарихтың тереңінен бүгінге жеткен еңбек пен табандылықтың нақты символы. Ғасырлар бойы Қазақстанның өндірістік жүрегі болып келген Қарағанды бүгін жаңа дәуірдің дүрсiлiн сезiнуде. Ол — цифрлы өндіріс пен «жасыл» экономика, инновация мен жоғары технологиялар дәуірі. Қарағандының өркендеуі жай ғана өнеркәсіп көрсеткіштері немесе инвестициялық жобалар жиынтығы емес. Еліміздің экономикалық дербестігін айқындайтын, ұлттық қауіпсіздікті бекемдейтін, қазақстандықтардың әл-ауқатын көтеретін ауқымды серпіліс. Әрбір іске қосылған зауыт, әрбір ашылған жұмыс орны, әрбір жаңа технология — бұл болашаққа салынған көпір.

Бүгінгі Қарағанды көмірмен тыныстаған өткеннің емес, болашағына сеніммен қадам басқан жаңа Қазақстанның бет-бейнесі. Оның өн бойында ғылым, білім, кәсіпкерлік, инновация мен ұлт рухы тоғысқан. Өлке өндіріс қуаты емес, ұлттың өріс қуаты. Енді Қарағанды күнде-күнде кен қазатын өңір емес, қарқын болашақ баспалдағын қалайтын аймақ. Жаңа зауыттар, сандық технологиялар, инновациялық жобалар — мұның барлығы ел дамуына бағытталған тегеурінді қадамдар. Яғни, тек аймақтың емес, тұтас ұлттың жаңа индустриялық шежіресі. Сондықтан, Қарағанды — тарихтың темірін балқытып, келешектің керекесін кеңейтіп жатқан алып алаң. Ендігі жерде өндірісті өңір — Қазақстанның интеллектуалдық, технологиялық, әрі әлеуметтік тұрақтылықтың алтын арқауына айналмақ. Болашақ осы жерде басталады!

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ



бағытталды. Сонымен қатар, өңір Теміртау қаласы үшін трамвайлар жинауды қолға алды. Бұл — урбанистік көлік инфрақұрылымын отандық өніммен жабдықтау бағытында қолға алынған аса маңызды бастама. Жеңіл өнеркәсіп саласы да 24 пайызға өсіп, бұрын назардан тыс қалып келген бағыттың қайта жандануына себеп болды. 18 жоба мемлекеттік қолдауға ие болып, 100-ге жуық жаңа кәсіпорын ашылды. Арнайы киім, шұлық өнімдері, өнеркәсіп қызметкерлеріне арналған аяқ киім — барлығы ішкі нарықты сапа-

өңір алдымен қоғамның өзін қайта өндіруі, қайта құрылымдауы деп түсінсек, ләзім. Уақыт ешқашан бір орында тұрмайды. Жаңа дәуірге қадам басқан сайын, өндірістің де келбеті мен мазмұны күрделіленіп, тереңдей түседі. Бүгінде Қарағанды зауыттары мен фабрикалары тек темірді емес, енді цифрлы өндіріс пен жасыл экономикаға қарай бет алып барады.

Ал, болашақ ше? Болашақ — дайын тұрған дүние емес. Ол — бүгінгі әрекеттен өрбітін мүмкіндік. Өрісті өңір дәл осы мүмкіндікті іске асыру

«жасыл металлургия» жобаларын іске қосу, өнеркәсіптік робототехника элементтерін енгізу, сондай-ақ, медицина және фармацевтика саласындағы заманауи өндірістерді дамыту секілді ауқымды жоспарлары барлығы көз қуантады.

Алайда, көлкілген мүмкіндіктерге жету үшін облыс тек ресурстарық базасымен ғана шектеліп қалған жоқ. Қазыналы Қарағанды бүгін — инновация мен инвестиция, цифрлы интеллект пен экологиялық сана тоғысқан экономикалық эксперимент алаңы. Аймақ экономи-

• НЫҒМЕТ НҰРМАҚОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ

Кассандраның кебін киген қайраткер

Қазақ қоғамына өте жақсы таныс болуға, ұлтының болашағына атқарған қызметі үшін құрметтің төрінен көрінуге тиіс-ақ тұлға. Бірақ, өкінішке қарай, есімі мен еңбегі кеңестік дәуірде де, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін де жеткілікті түрде насихатталмай, атаусыз қалып келеді. Кеңестік билік тұсында оған – Нығмет Нұрмаковқа «Алаш» партиясының құрамында болды, Алашорда үкіметі басшыларымен идеялас болды» деген кінә тағылса, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін «Қазақ АСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы лауазымында кеңес үкіметіне қызмет жасады» деп айыпталуда. Бұлардың қай-қайсы да негізді болса да, Нығметтің халқы үшін, ұлт мүддесі үшін жасаған қызметі аталған «кінә» мен «айыпты» жуып-шайып кетуге жетіп артылады.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нығмет Нұрмаков 1895 жылы 25 сәуірде Семей губерниясы, Қарқаралы уезі, Қу болысында дүниеге келген. Әкесі тақыр кедей болса да, аталас туысы, осы өңірдің әйгілі тұлғасы, ісі қазаққа белгілі меценат Касен Ақайұлының салғызыған мектебінде сауатын ашып, 1915 жылы Омбыдағы мұғалімдер семинариясын, кейін, 1931 жылы ВКП (б) ОК жанындағы Коммунистік университетті тәмамдады.

1920-1921 жылдары Қарқаралы уездік ревкомының, уездік атқару комитетінің, Семей губерниялық әскери ревкомының мүшесі және бөлім меңгерушісі, Семей губерниялық комитетінің бөлім меңгерушісі, одан соң губерниялық атқару комитетінің мүшесі болды.

Қазақ автономиялық республикасының Жоғарғы соты мен Семей губерниялық прокуратурасының қалыптасуына Нығмет Нұрмаков ерекше үлес қосты. Ол 1921 жылдың қазан айынан губерниялық Революциялық трибуналдың, 1923 жылдың 11 сәуірінен РСФСР Жоғарғы соты Қазақ бөлімінің төрағасы, 1923-1924 жылдары Юстиция халық комиссары лауазымында еңбек етті. Осы кезеңде прокуратура мен сот органдарын ұйымдастыру, кәсіби кадрларды даярлау, іс жүргізуге қазақ тілін енгізу жұмыстары аяқталды. Орынборда тұңғыш өлкелік заң курсының ашылуы Нұрмаковтың қызметке келуімен деп келді. Осы кезде Семейде, Ақмолада және Қостанайда қысқа мерзімдік курстар ашылды. Олардың тыңдаушылары практикадан өтуі үшін курстар жанынан еңбек сессиялары ұйымдастырылды. Бұл саланы орта буын заң қызметкерлерімен қамтамасыз етуге үлкен жәрдемін тигізді.

Н.Нұрмаков азғантай уақыт, 1924 жылдың қыркүйек-қазан айларында ВКП(б) Қырғыз обкомының бөлім меңгерушісі болып

жұмыс істегенде өзінің ұйымдастырушылық қабілетін көрсетіп үлгерді.

Нығметтің мемлекетшілік тұлғасы 1924 жылдың қазан айы мен 1929 жылдың сәуірі аралығында Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы лауазымында қызмет атқарған кезінде жарқырай көрінді. Қазақстанның болашақ индустриалық өзгерістеріне әзірлік осы кезде жасалған болатын.

ВКП (б)-ның басшылығымен жүргізілген индустрияландыру саясаты Мәскеуден алыстағы ұлттық аймақтарға, әсіресе, Қазақстанға отаршылдық бағыт ұстанды. Қазақстанда индустрияландыру саясаты қандай болу керек деген мәселе сол кездің өзінде күшті таластар туғызды. Өлкедегі кеңес және партия қызметкерлерінің бір тобы көшпелі халық бірден социализмге өте алмайды, қазақтың көшпелі өмір салты ұлттық ерекшелік болып табылады, сондықтан, елді индустрияландыру осы ұлттық ерекшелікті жояды деп есептеді. Мәскеу мұндай пікірдегі партия мүшелерін партиялық тура жолдан ауытқушылар, яғни «уклонистер» деп айыптады.

Келесі бір топтың өкілі С.Сәдуақасов өнеркәсіпті дамыту қазақтарды ауыл шаруашылығынан алыстатып, халықтың дәстүрлі мал шаруашылығы құлдырауына әкеледі деп есептеді. Ол Қазақстан өндірістік бағытта алға жылжуы үшін республикада индустриялық өнеркәсіптерді көптеп салып, әрі қарай дамыту қажет деген пікірді ұстанды. Яғни, С.Сәдуақасов өнеркәсіпті шикізат қоры көздеріне жақындатуды көздеді. Қазақстандағы шикізаттарды өндірістік аймақтарға тасып, одан кейін ол жақтан дайын өнімді қайта алып келуге кететін тасымалдау шығындарына, екінші сөзбен айтқанда, өлкені тек шикізат көзі ретінде пайдалануға қарсы болды. Нығмет Нұрмаков та осындай пікірде еді.

Социалистік индустрияландыру саясатының бағыттары жөнінде пікір айтушыларға әртүрлі айдар таққан ВКП (б) басшылығы өзі белгілеген елді «социалистік индустрияландыру» бағытын ешбір қатесі жоқ, толық аяқталған саясат деп қарастырды. Бұл саясат бойынша Қазақстан КСРО-ның шикізаттық бөлшегіне айналуы керек еді. Мәскеудің бұл ұсынысын осы кезде өлке партия ұйымының басшылығына келген Ф.Голощекин қызу қолдады. Республика өмірімен таныстығы жоқ Ф.Голощекин қазақтардың шаруашылық жүйесіндегі ерекшелікті мойындамады. Ауыр өнеркәсіпті дамыту үшін қажетті қаржыны шаруаларға шамадан тыс салық салу, әсіресе қазақтардың мал-мүлкін тәркілеу жолымен табуды мақсат етті. Бұл абыройсыз жұмысты сол кездері Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы болған Н.Нұрмаковтың қолымен атқаруға ұмтылып, күшпен орындатты. Жалпы, шаруаларды тәркілеуге, соның ішінде байлардың мал-мүлкін тартып алуға барынша қарсы болған мемлекеттік қызметкерлердің бірегейі Нығмет Нұрмаков. Олар байлар – шаруашылықты жүргізудің әдіс-тәсілін меңгерген, жергілікті ерекшелік пен табиғаттың сырын білетін адамдар екенін алдыға тартып, оларды кеңестік агроөнеркәсіпті дамытуға пайдалануды, тәркілеу орнына байларға салықты еселеп арттыруды ұсынады. Бірақ, бұл кезде өлке басшылығында салауатты тұлғаның орынды ұсынысына құлақ асатын жан жоқ еді. Төңірегіндегі жандайшаптар жеткізген өсек-аянға сүйенген Голощекин Халық Комиссарлары комитетінің басшысы бұл пікірді көп жыл болыс болған туысы Ақайдың Кәсені мен бай қайын жұртын (Ақбаевтарды) тәркілеуден қорғау үшін ұстанып отыр деп айыптайды.

Қазақстанда индустрияландыру КСРО-ның орталық аудандарымен салыстырғанда өте күрделі жағдайда жүрді. Большевиктер,



Сурет шық. дереккөзінен

осыған қарамай, Қазақстанды бүкілодақтық көлемдегі индустрияландыру бағытында жетекші орынға қойды. Қазақстанды индустрияландырудың ең алғашқы қарлығашы Түркістан-Сібір теміржолы құрылысы Нұрмаковтың кезінде басталды. Индустрияландыру жылдарында жүзеге асқан Қарағанды-Балқаш, Атырау (Гурьев)-Доссор, Ақмола-Қарағанды, Жарық-Жезқазған, Рубцовка -Риддер теміржолдарының алғышарттары Н.Нұрмаковтың тұсында жасалды.

Орталық пен Ф.Голощекиннің Нығмет Нұрмаковты интернационалистік идеяға, кеңестік тұтастыққа қарсы, алашордашылардың сойылын соғып отыр деп айыптаған тағы бір «зор кінәсі» – Қазақ АСР-ның алғашқы астанасы Орынбор қаласы мен облысының Ресей федерациясына берілуіне үзілді-кесілді қарсы шығуы. Тұрғындарының көпшілігі орыс ұлтының өкілдері ғана болғандықтан Орынборды Ресейге қарату сылтау емес, бұл тарихи ақиқатқа қиянат және В.Ленин мен Алашорда үкіметі басшыларының арасындағы, жер мәселесіне байланысты жасалған келісім-шартқа қайшы деген пікірін ашық айтты. Бірақ, өлкелік партия комитеті басшылығымен ауыз жаласқан Мәскеу тізеге салып отырып Орынбор аймағын тартып алды. Осыдан кейін Нығметтің Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесін басқаруы мүмкін емес-ті.

1929-1931 жылдары ВКП (б) жанындағы Я.Свердлов атын иеленген Коммунистік университетте оқып жүрген кезінде, одан кейін Бүкілодақтық Орталық

Атқару Комитеті хатшысының орынбасары, БОАК Төралқасының бөлім меңгерушісі, Қазақ өлкелік партия комитетінің, Қазақ АКСР ОАК мүшесі, БОАК Ұлттар бөлімінің басшысы лауазымында қызмет атқарған кезде Қазақстандағы аштық нәубетінің алдын алу, қазақтарды аштықтан қорғау, нәубеттің зардаптарын жою үшін қолынан келген шараларды жасап бақты. Бірақ, Нығмет Нұрмаковтың барлық пікірі мен болжамдары салауатты логикаға негізделіп, сонынан ақиқаттығы дәлелденіп жатса да, құдды ежелгі грек мифологиясындағы Троя ханшайымы Кассандраның қарғысына ұшыраған сияқты, оның сөздеріне биік биліктегілер сенбеді. Мүмкін, сеніп, біліп тұра, әдейі кері әрекет етті. Осының салдарынан қазақ халқы XX ғасырдың 20-30-жылдары адамзат баласы бұрын-соңды естіп көрмеген апатқа ұшырады – тең жартысынан айырылды.

Туған еліне жасаған қылаусыз қызметі, халқына жанашырлығы үшін аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, мықты ұйымдастырушы, жалынды публицист Нығмет Нұрмаков ойранды отызыншы жылдардың саяси қуғын-сүргін науқаны кезінде ұсталып, «халық жауы», «жапон шпионы», т.б. ойдан шығарылған жалалардың құрбаны болып, 1937 жылы 27 қыркүйекте атылды. Атап өтетін жағдай, ол Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан екеуі бір күнде атылып, қатар қабірге жерленген.

1956 жылғы тамызда ақталды. Сол кезде оның есімі мен қызметін қайта жаңғырту үшін азын-аулақ жұмыс жасалды. Атап айтқанда, Қарағандыдағы №2 мектеп-ин-

тернатқа Нығмет Нұрмаковтың есімі берілді, туған жеріндегі аудан орталығының бір көшесі, кейінірек бір шаруашылық оның атымен аталды. Бар біткені – осы. Қайраткердің жарық дүние есігін ашқанына 125 жыл толуына орай өткен онлайн-конференцияда (қалыпты жиын өткізуге әлемді жайлаған індет салдарынан мүмкіндік болмаған) тарихшы ғалымдарымыз Қарағанды қаласындағы Н.Гоголь көшесін Нұрмаковтың атына ауыстыру жөнінде ұсыныс жасаған болатын. Бірақ, олардың пікірін қаперге алған, құлаққа ілген не қала басшылығы, не облыс жетекшілері жоқ.

Жоғарыда аталған мектепте тұрған кеуде мүсінін айтпасақ, күні бүгінге дейін Қазақстан көлемінде Нұрмаковтың ескерткіші жоқ. Біраз жыл бұрын жерлестері аудан орталығы мәртебесінен айырылып қалған Егіндібұлақта Нығмет Нұрмаковтың әйдік ескерткішін қоямыз деп бастама көтерген болатын. Оған бөлінген жер бірнеше рет ауыстырылып, ақыры Қарқаралыдан ауылға келетін күре жолдың бұрылысындағы алаң тандалды. Ескерткіштің тұғыры орнатылып, жан-жағын абаттандыру жұмысы да жүргізілген. Тіпті, мүсіннің гипс нұсқасы да дайын тұр екен. Авторы – белгілі мүсінші, осы өңірдің тумасы Мұрат Мансұров. Осы азамат және оның командасы жұмысты тегін атқарып шыққан дүр. Енді дайын ескерткішті қолдан құйып шығу керек. Ол үшін металл сатып алуға 15-20 миллион теңге көлемінде қаржы таппай отырған көрінеді. Нығмет Нұрмаков қоғамдық қорының тізгінін ұстаған жігіттер жан-жаққа сауын айтып қажыған сыңайлы.

Әлқисса, сөзіміздің басында есімін ауызға алған Ақайдың Кәсенін кеңес билігі үш мәрте тәркілеп, алдындағы малын тігерге тұяқ қалдырмай тартып әкеткен екен. Большевиктер жыл айналып келсе, Ақайдың Кәсенінің байлығы бұрынғысынан да артып, тасып-толып отырғанын көреді. Оны осындай ырыс пен құрметке жеткізген Сарыарқаның саки жұрты болатын. Елдігіміз сол аға ұрпақпен бірге кетпегенін көрсетіп, тек Қарқаралы өңіріндегі әр отбасы мың теңгеден шығарса, Нығмет Нұрмаков қайта тіріліп келмесе де, Егіндібұлақта қойылуға тиісті ескерткіші тұғырына қонатыны күмәнсіз.

• ТАНЫМ

Ғылыми жол — құқықтық қазық

Ғылым – жаратылыс заңына сәйкес бір жүйеге келтіріліп реттелген, ұйымдастырылған, көзбен көрілген, ақылмен білінген, жүрекпен сезілген, нақты тексеруге болатын, тіршілікке пайдалы, барша жұртқа бірдей, таза ғаділет, махаббат, сезіммен динамикалық біртұтастыққа ұмтылған адамшылық білімі.

Ғалами ғылым нормаларын өзгелерден гөрі анығырақ сезген Шоқан өзінің «Сот реформасы» туралы аңсарында: «Әрбір дамуға және мәдениетке қабілетті халық еуропалық, жалпыадамзаттық білімді жетік меңгеруге міндетті. Өзіне жүктелген осынау жауапты істі орындау жолында тосқауыл болар барша қиындықты еңсере отыра, ұлттың бүкіл ерік-жігерін нәпсі үстемдігін жеңуге жұмсау халықтың өмірлік мақсат-мүддесі болуға тиіс», – депті (Шоқан. Т. 4, 80-б. Авторлық аударма).

Табиғат дарытқан адам бойындағы бар қабілет, қасиеттің мақсат-мүддесі саналылыққа ұмтылып, символда бекіп, көзге көрініп, жадта сақталып қалмақ өзге, сыртқы пішін мен ішкі мәннің өзара тығыз байланыстылығы, осынау біртұтастық заңына бағынады. (Альберт Сеше. «Программа и методы теоретической лингвистики. Психология языка». 57, 144-бет.)

Динамикалық біртұтастық ұғымының грамматикалық мән-мағынасы жалпыадамзаттық жазу-сызу мәдениетінде етістік пен есімнің айырылмаған, түгел сөздің түбірлес, тұлғалас бірлігі кезеңнен бері, кешенділік пен жүйелілік құрылған бірегей әдістемелік тұғырнама негізінде 3 (үш) саньмен бейнелеу қабылданған.

Бұл біртұтастық бейнесі қазіргі қолданыстағы құқықта ҚР Конституциясының 3-бабындағы биліктің

үш тармаққа бөлінуі жайындағы нормада көрініс тауып тұр. Үшінші бап оны келесідей мүсіндейді: «Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады».

Біз ақылмен ізденіп, шын ниеттің көзімен үңілсек, осынау Конституциялық құқықтық біртұтас-тық бейнесін байырғы, көне қазақтың өсіп-өнген, гүлденген ауыз әдебиетінің көрнекті өкілі «Қобыланды батыр» жырынан табамыз.

Жырда Қобыланды батыр жорыққа аттанбақ жолында жары Құртқа алты жыл баққан бурыл атқа сұрау салады.

Батыр атқа жұмсаған Естеміске алты жыл баққан бурыл аттың батырдың жауға мініп шабуына жарамайтынын Құртқа «Аттың күні толмай тұр, зор салмасын жолбарысқа. Сұлтаныма сәлем де, тілімді алса, бармасын» деп естіртеді.

Жорыққа шақырған Қараман батырдың Қобыландыға «Қатынның тілін алған, қатынсын!» деген сөзіне намыстанып, ауылға қарай шапқан қаһарлы күйеуін қарсы алуға Құртқа Тайбурылға мініп шығады.

Қыз Құртқаны көтеріп, Бурыл



Сурет шық. дереккөзінен

көкке екі ұшты, екі түсті, үшінші рет көтеріле алмағанын батырдың көзі көрді. Сонда Тайбурылға Құртқа сөйлейді: «Үш ұшар ең аспанға, бір ұшуың кем болды. Мен қайтейін, Бурылжан, қырық үш күннің кемдігі». (Батырлар жыры. Т. 1. 25, 35-б)

Бабы, күні толмай тұрған Тайбурылға мініп алған Қобыланды батыр жорыққа аттанғалы жатқанда Құртқа оны былай деп ескертеді: «Астындағы Бурылдың, көбіктің екі аты, Үйіріне қарай қашқанда, сол уақытта көрінер, қырық үш күндік кемдігі». (Батырлар жыры. Т. 1. 25, 35-б)

Абай сынаған Бұқар жырау да Аблайы ханға осы мағынадағы сөзді айтқан: «Елу бес жақса келгенде, жақсы болсаң, толарсың. Жаман болсаң, маужырап барып соларсың» (Үш ғасыр жырлайды. 65-б.)

Реті келгенде, Абайдың авторлығына телініп жүрген «Таза мұсылман, толық адам» делінетін қағида жалпы адамзатқа ортақ

ежелгі құқықтық ұстаным екенін айта кетсек жөн болар.

Оны Абайдың өзі де бекітеді: «Һәммаға мағлұм, әуелде адам ба-ламыра бұл күнгі орындарына екі жақтан толқынып келгендігі. Бірі – Үндістан тарапынан, ол жақтан келген ертерек қобы – үйір болып, қайдан шыққандарын білгендер». (Абай. «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққандығы туралы».)

Абайдың үздік, үлгілі деп танылып отырған Үндістанда алғы, негізгі мәнін есімі, тура атауы жоқ. Үнділік жұрт жоқтан бар қылатын мәнге «то» немесе «это» деген сөзді есімдіктермен нұсқайды. (Е.П.Блаватская. «Разоблаченная Изида». II-том. 352-б.)

Үндістандық дәстүрге ұқсас орыс тіліндегі «закон» терминінің этимологиялық оқылуы да сол іспеттес: «Закон, то, что было в начале».

Үнді мен орыстан қытай елі де қалыспайды, олардың тілдік

қорында «бі» фоноидеограмма-лық иероглифінің көне мағынасы «то», «то» – анау, анау жақ деген мағынада. (Задзенко Т.П., Хуан Шуин. «Основы китайского языка». 612-б.)

Үнді, орыс, қытайға ортақ «Жоқтан бар қылушы» күдіретіне сілтеме жасайтын бірлікке ұқсас Жана Зеландия тіліндегі «то» термині «өмір» және ана құрсағындағы тіршілік иесін білдіреді. (Вильгельм фон Гумбольдт. «Избранные труды по языкознанию». 283, 285-б.)

Сонымен, Шоқан айтқан қазақтың таза Һәм толық әдебиетінде сақталған біртұтастықты білдіретін бейне біздің арғы ата-бабаларымызда ғылымы болғанын, оның нақты ғылыми атауға да не екендігін растайды.

Сол ғылымның атауын Абай сөзі жеткізген: «Бас қосылса Арысқа, кім шабады намысқа?» Абайдағы Арыс – ғалымдардың бас қосатын ғылыми кеңестің есім-сойы.

Үш Арыс – біртұтас ғылым. Арыстың ғылым атауы екендігін арғы римдіктерден дәлел ұсыналық: «Аrs una species mille» – ғылым біртұтас, оның тармағы көп, біздегі Үш анық, Үш сүю, Үш жүз, Үш би сияқты.

Ата Заңда аталған біртұтас мемлекеттік биліктің сот тармағы да үштіктен құралады: сот төрелігі, сот әкімшілігі, сот ғылымы.

Соттың ғылыми-зерттеу орталығы болып қалыптасқандығы жайлы және судья ғалым болуы тиістілігі туралы дерек 1519-1594 жылғы Төре бітігінде (351, 353-б.) бар.

Төре бітіктің судья толымды,

білімді ғалым болуға тиісті деген талабы Абайдың 45-сөзінде «то», «то» – анау, анау жақ деген мағынада. (Задзенко Т.П., Хуан Шуин. «Основы китайского языка». 612-б.)

Абайдың адамға берген аккредитациясы: «Адамшылықтың алды – махаббат, ғадәлет, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан тәңірінің ісі. Айғыр би-де не болмақта да махаббат пен сезім бар. Бұл ғадәлет, махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым, сол – ғәкіл. Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп».

Сот ғылымы да үш тармақтан құралады. Сот мектебі, сот колледжі, сот академиясы. Үшеуінің де оқу бағдарламасының әліппесі, негізі, мәні, сүйегі – қазақ ауыз әдебиеті.

Осы ілгерілеу үштігінің сынынан түзу өткен адам ғана судьялық лауазымға сайлану мақсатында конкурстық комиссияға өтініш беру мүмкіндігіне ие болады.

Сөз басында келтірілген Шоқанның қазақ халқын ғалами ғылымды игеруді міндеттеген талабына сай, Абай да: «Біртұтас ғалами ғылымнан ізерлеп, құмар болып, қыратланушыларға тыйым жоқ», – деп үн қосады.

Адаспай, тура ізденген Шоқан мен Абай ұсынып отырған ғылыми жол – қазақ елінің мемлекеттік билігінің біртұтастығын қапысыз қамтамасыз етер құқықтық қазық.

Марат АЗБАНБАЕВ

ҚҰРМЕТ

Ұлтқа адалдықпен өрілген өмір

Өмірдің әр белесі – адамның ерік-жігерін, адалдығын, табандылығын сынайтын баспалдақ. Бірақ, кей адамдар сол баспалдақтарды жай ғана аттап өтпей, өз жолын өзі салып, соңынан ілескендерге бағыт-бағдар көрсететін шамшыраққа айналады. Ондай жандар бір ауылдың, бір ауданның ғана емес, тұтас бір дәуірдің жүгін аркалап, тарихтың өз ішінен сөйлеп тұрады. Солардың бірі – биыл 90 жасқа толып отырған, Тыл ардагері, Шет ауданының Құрметті азаматы, ардагер ұстаз, білікті басшы, халықтың жанашыры Марс Еренбекұлы Төлеуқұлов. Оның өмір жолы – қарапайым мұғалімдіктен аудандық партия, кәсіподақ, әкімдік қызметтеріне дейінгі сан алуан белестермен өрілген, бірақ бәрінің өзегі – халыққа қалтқысыз қызмет ету, елдің ертеңіне адал болу.

Аға тұтар асыл азамат

Халқының қалауысы, елінің елеулісіне айналған қасиетті және киелі өңір Сарыарқа жерінен шыққан абыз ағам Марс Төлеуқұловпен өткен ғасырдың 70-жылдарының басында танысқан едім.

Тағдырдың жазуымен мен 1973 жылы Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университетінің тау-кен факультетіне оқуға түскен едім. Атаулы факультетте Қарағанды, Жезқазған және басқа да өндірісі дамыған облыстардың азаматтары оқыған еді. Солардың ішінде, мен Бөкен Төлеуқұлов, Мейрамқұл Шайкенов, Шахмұрат Баубеков және басқа да Жезқазған, Қарағанды өңірлерінен келген студенттермен жақын араласып, достығымыз жарасып кетті. Қызықты студенттік жылдары Бәкен досыммен бірге қаниқулда Ақсу-Аюлы ауылына қонаққа барып жүрдім. Марс Еренбекұлының отбасында қонақта болып, ақыл-кеңестерін мұқият тыңдаған күндерім болды. Ағамыз ол уақыттарында Шет ауданында жауапты қызметте болатын.

1978 жылы университетті бітірген соң мен Жезқазған қаласында жұмысқа орналастым. Жұмыс бабымен облыс аудандарына, шалғай жатқан елдімекендерге іссапармен барып жүрдім. Реті келген кездерде Ақсу-Аюлы жерінде болып, Марс ағаның қолын алып, хабарласып тұрдым. Текті азамат мені міндетті түрде үйіне шақырып, кішілігіме қарамай, керемет сый-сияпаттарын жасағанын қалай ұмытпаймын?! Әр кездесуде ол маған ағалық

Туған жерден тамыр тартқан

Марс Еренбекұлы 1935 жылдың 23 шілдесінде Қарағанды облысы, Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылында дүниеге келген. Аштық пен соғыс елесін ерте сезінген ұрпақтың өкілі. Балалық шағы ауыртпалықпен өткенімен, білімге деген құштарлығы мен талапшылығы оны ерте есейтті. 1951 жылы орта мектепті тәмамдаған соң Қарағанды мұғалімдер институтына оқуға түсіп, оны 1953 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығы бойынша аяқтайды.

– Мұғалім болу – мен үшін тағдырдың сыйы емес, өз таңдауым еді. Адам жанына жарық сыйлау – киелі міндет екенін сол кездің өзінде-ақ жүрекпен түсіндім, – дейді ол.

Білімге құштар жас жігіт мұнымен шектеліп қалмай, 1960 жылы Қарағанды педагогикалық институтының филология факультетін, 1974 жылы Жамбыл зоотехникалық-малдәрігерлік институтын үздік дипломмен аяқтайды.

Қайрақтыдағы алғашқы қадам

Марс Еренбекұлы еңбек жолын 1953 жылдың тамызында туған ауданы Шетке қарасты Қайрақты орта мектебінде мұғалім болып бастайды. Жарты жылдан соң мектептің оқу ісінің меңгерушісі қызметіне көтеріліп, сол міндетпен қатар сабақ беруді жалғастырады. Бұл – ұстаздықтың алғашқы баспалдағы ғана емес, бүкіл бір қауымның сеніміне ие бола бастаған кезі.



Марс Төлеуқұлов

циясынан өгіз арбамен тасуға тура келді. Қамза Қыздарбеков, Әбәйділді Мұқанов, Бәкия Әбілдина секілді мұғалімдермен бірге жаяу-жалпылап, өгіз арбамен 15-20 күн жүріп, керекті заттарды жеткіздік, – дейді Марс аға.

Осылайша, 1956 жылдың 15 қазанында мектеп оқушыларға есігін айқара ашып, сабақ басталады. Бұл – өз ісіне шын берілген мұғалімнің, ұйымдастырушының, азаматтың алғашқы жеңісі.

Боранды белестер мен инспекторлық із

Марс Еренбекұлы аудандық оқу бөліміндегі инспекторлық қызметін 1955 жылдың қаңтарында бастап, 1956 жылдың күзінде директорлық қызметке ауысқанға дейін жалғастырды. Бірақ, бұдан кейін де оның инспекторлық жұмысқа қайта оралып, бұл саланы ұзақ жылдар бойы дамытуға қосқан үлесі зор болды.

– Ол кезде оқу бөлімінде бар болғаны екі-ақ инспектор едік. Ауданда 43 мектеп бар. Оларды түгел аралап, методикалық көмек көрсету, мұғалімдердің сабақтары-

ды. Бұл мектепте ол 1966 жылдың тамызына дейін, бес жылдан астам уақыт еңбек етті.

Бірақ, дәл осы кезеңде Шет ауданы әкімшілік тұрғыдан таратылып, Ақтоғай ауданына қосылып кетеді. Бүкіл бастылық тарап, ауданда тек бір селолық кеңес төрағасы – Исатай Омаров қалады. Осы қиын шақта, 1963 жылы Ақшатау кен-байыту комбинаты жаңадан мектеп салып жатса да, ғимараттың әлі толық дайын еместігіне қарамастан, мектеп ұжымына жаңа мектепке көшу міндеті жүктеледі.

– Қаңтардың қақаған аязында, қыс ортасында жаңа мектепке көшіп бардық. Алайда, ол кезде Ақсу-Аюлыда басқа жылу жүйесі жоқ. Көмірді Ақшатаудан тасимыз. Өзім бастаған мұғалімдер кезекшілікке тұрып, пеш жағамыз. Гриша Гайсин деген сантехник әрі электрик, әрі слесарь азамат аянбай еңбек етті. Сондай бірлікпен жұмысы бір қалыпқа түсірілген сол мектеп те, қазандығы да 50 жылға жуық жұмыс істеп келеді, – дейді Марс аға.

Осындай қиындықтарға қарамастан, мектептегі білім сапасы жоғары деңгейде болды. 1962-1963 оқу жылында үш оқушы – Рахмет Рысбеков, Рашид Жүнісов, Бақыт Смағұлова алтын медальмен мектепті аяқтайды. Ол дәуірде бұл – сирек жетістік болатын.

– Мұғалімдерді баулуға, оларды әдістемелік тұрғыда жетілдіруге барымды салдым. Оқушыларға білім беріп қана қоймай, тәрбие жағына да көп көңіл бөлдік. Мектеп елдің болашағын қалыптастыратын шеберхана екенін сол кезде-ақ жан-тәніммен сезіндім, – дейді ұстаз-азамат.

1966 жылдан бастап, Марс Еренбекұлының еңбек жолы қоғамдық және партия қызметтеріне қарай ауысады. Ол Шет аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінде нұсқаушы, Орджиникидзе атындағы совхозда партия комитетінің хатшысы болып жұмыс істеді.

1972 жылдан 1979 жылға дейін аудан-

медалі берілсе, 1986 жылы «Еңбек ардагері» медаліне ие болды. Бұл марапат оның ұзақ жылғы табанды еңбегінің айғағы еді.

Бұдан бөлек, 1976 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Шет ауданының Құрметті азаматы атағы берілді. Сонымен қатар, облыстық, республикалық деңгейдегі бірқатар Құрмет грамоталарымен марапатталғанын атап өткен жөн. Шет аудандық Кеңесінің 17 жыл депутаты және 16 жыл Шет аудандық партия комитетінің мүшесі әрі бюро мүшесі болып сайланған.

Елге қызмет – ерге міндет

1995 жылы 60 жасқа толып, зейнеткерлікке шыққанымен, Марс Еренбекұлы қол қусырып қалған жоқ. Оның энергиясы мен жігері әлі де сарқылған жоқ еді. Ол Қарағанды политехникалық колледжінде мұрағат жетекшісі болып жұмыс істеп, жастарға тәлім беруді, өткен тарихты сақтап, келер ұрпаққа жеткізуді өзінің маңызды миссиясы деп санады.

2001 жылдан бастап, 2020 жылға дейін Қарағанды қалалық ардагерлер кеңесінің пленум мүшесі әрі президиум мүшесі болды. Ардагерлердің әлеуметтік-тұрмыстық мәселелері жөніндегі комиссияны басқарды.

Сонымен қатар, Қарағанды облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары болып қызмет етіп, Қарағанды облыстық ардагерлер кеңесінің мүшесі болып та сайланған. 2020 жылы «Қарағанды қаласының Құрметті ардагері» атағы берілген.

– Ардагерлер – қоғамның алтын қазынасы. Олардың тұрмысы мен денсаулығына мән беру – біздің парызымыз. Бір пәтерді жөндеу, мүгедек арбасын алу сияқты мәселелерге жәрдемдесудің өзі – үлкен ризашылық пен құрметтің көрінісі, – дейді Марс аға.

Оның жетекшілігімен әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді.

Өмір бойы елге қызмет еткен азаматтың жазғаны да өз салмағын айқындайды. Марс Еренбекұлының «Сөнбейтін шырақ», «Айтылмаған ақиқат», «Сағыныш сазы» атты кітаптары жарық көріп, тез арада оқырманын да тауып үлгерді. Бұл еңбектер – кейіпкеріміздің естеліктері, ұстанымдары және өзіне тән өмірлік тәжірибесінің жинағы. Аталған кітаптарда отбасындағы ата-ананың ролін, перзент алдындағы қадірін айшықтап көрсетуді мақсат тұтқан.

Өнегелі өмір, ұлағатты ұрпақ

Марс Еренбекұлы ауылы жары Роза Ыбырайқызымен өмірлік жолда бірге жүріп, бір шанырақ астында жеті бала тәрбиелеп өсірді. Олар қазақы тәрбиенің қайнарынан сусындап, ата-баба дәстүрін қадірлеп, өнегелі әулеттің өрісін кеңейтті.

«Ұлын өссе – ұрпақ, қызын өссе – өріс» деген халық даналығына сай, балаларының әрқайсысын білім мен өнерге баулып, үлкен өмірге қанат қақтырды. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, бүгінде бәрі де үйлі-баранды, бала-шағалы, өз алдына жеке бір-бір әулетке айналды.

Сөз соңы

Марс Еренбекұлы Төлеуқұловтың 90 жылдық өмірі – еліміздің бір шағын аймағындағы білім мен мәдениеттің, ауыл шаруашылығының дамуына арналған қажырлы еңбек пен адалдықтың тарихы. Ол қай салада еңбек етсе де, ел игілігі мен азаматтардың жағдайын жақсартуға бағытталған.

Ел мен жерінің, халық пен ұрпағының тағдырын ойлаған адам ғана осындай мәртебеге жетеді. Марс Еренбекұлының өмірі – бүгінгі ұрпақ үшін өнеге, елге қызметтің асқақ үлгісі.

Марс аға Роза женгеміз екеуі баянды ғұмыр кешіп, жеті баласын, немерелерін тәрбиелеп, шөбере сүйіп, бақытқа бөленген жандар. Марат, Талғат, Бауыржан бастаған ұлдары, Дина, Қымбат, Гүлмира және Дана қыздары өмірден өз орнын тапқан отбасы иелері.

Марс Еренбекұлының өмірі, белестері бәрімізге үлгі. 90 жасқа толып отырған мерейтой иесі ел арасында биіктен көріну де. Текті азамат, абыз ағаға осындай қуанышты күннің қарсаңында зор денсаулық, ғибратты ғұмырының асқақтауын тілеймін!

Әділ ШАЯХМЕТОВ,
генерал-лейтенант,
мемлекет және қоғам қайраткері,
Қ.Сәтбаев атындағы қазақ ҰТЗУ
Ректорлар кеңесінің Құрметті мүшесі,
Шет ауданының, Қаражал қаласының
Құрметті азаматы



СУРЕТТЕ: Елордада генерал-лейтенант Әділ Шаяхметовтің ұйымдастыруымен өткен кездесуде. Ортада республика ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірзақ Озғанбаев, еңбек ері, академик Серік Ақшолоқов, Марс Төлеуқұлов, тұлғалы азаматтар, белгілі генералдар

ақылдарын айтып, өзін менімен тең ұстап, ішкі қуаныштарымен бөлісетін.

Көп ұзамай мен мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне қызметке ауыстым. Жезқазған, Жәйрем, Қаражалда жұмыс істедім. 1988 жылы Ақадыр аудандық бөлімге жауапты қызметке келдім. Соңғы жылдары Ақадыр аудандық бөлімнің басшысы болдым. Не керек, 1988-1994 жылдары Ақадыр кентінде тұрып, қызмет бабы бойынша Шет, Ақтоғай аудандарында жиі болып тұрдым. Сол кездерде Марс ағамен араластығым үзілген жоқ. Ол кісі маған бір тумаса да, бірге туған ағамдай болып кетті.

Саналы ғұмырын елінің өсіп-өркендеуіне арнаған абыз ақсақалымыздың 90 жылдың мерейтойының алдында бірнеше рет жүздесіп, сұхбаттастық. Ақсақал мерейтойға зор жауапкершілікпен, мығым дайындалып жатыр екен. Өзінің өткен өмірінен сыр шертіп, 90 жасқа жакындап қалғанын, көзкөргендерін, жақындарын еске алып, біраз әңгіменің тиегін ағытты. Осы кездесулерден соң қамқоршы әрі ақылшы ағам Марс Еренбекұлының мерейлі тойы қарсаңында өткен күндерге көз жіберіп, еліне сіңірген еңбегі, азаматтық болмысы хақында қалам тербегенді жөн көрдім.

1955 жылдың қаңтар айынан бастап, 1956 жылға дейін аудандық оқу бөлімінде инспектор болып еңбек етті. Ол кезде небәрі 20 жас шамасындағы жас маман үшін бұл – үлкен жауапкершілік еді.

1956 жылдың қыркүйегінде Қызылту колхозында жаңадан жетіжылдық мектеп ашылмақ болып, Марс Еренбекұлын аудандық оқу бөлімі сол мектепке директор етіп тағайындайды. Бірақ, жаңа оқу жылы басталуға санаулы күндер қалғанда барған Марс ағаны қытуп тұрған – мектеп емес, құрылысы аяқталмаған қаңыраған үй еді.

– Мектеп үйі салынған, бірақ, іші сыланбаған, партасы, үстелі, тақтасы, ештеңесі жоқ. Мен үшін бұл сынақ болды. Бір сәт ойланым: «Қазір шегінсем, бұл балалар не істемек?» дедім де, іске кірістім», – деп еске алады сол күндерді.

Колхоз басқармасы Әкімбек Жақыпов пен селолық кеңес төрағасы Алтыбай Нақыповқа жағдайды баяндап, аудандық оқу бөліміне хабар береді. Мұғалімдер мен ауыл азаматтарын жұмылдырып, мектептің ішін сылау, есік-терезесін бітеу, құрал-жабдық тасу секілді жұмыстарды өзі ұйымдастырады.

– Көлік деген жоқ еді ол кезде. Ақыры парта, үстел, орындықтарды Жарық стан-

на қатысу, акт жазу – бәрі біздің мойнымызда, – деп еске алады Марс аға.

Бұл бір қиын да, қызықты шақ болатын. Жол жоқ, техника тапшы, көбіне атпен немесе атшанамен жүруге тура келеді. Жолға шыққанда бір апта, кейде бір ай бойы іссапарда жүретін кездер де көп болған.

– Зәбира Әлікеевпен бірге боранды күні екі ат шанамен шықтық. Ақсу, Еңбекшіл, Кеншоқы, Қарғалы, Ақшатау, Ақжал, Женет секілді мектептерді араладық. Бір күні боранда адасып кетіп, өліп қала жаздадық. Бірақ жылқы – есті жануар ғой, жол тауып, бір қыстаққа жеткізді, – дейді ол сол күндер туралы.

Мектептерді аралап болған соң, кешке қарай 30-40 бетке дейін қолмен акт жазылады. Копировка қағазымен екі данадан, әрбір мектеп жұмысына баға беріледі. Одан соң педагогикалық кеңес өткізіліп, мұғалімдердің жұмысын саралап, қорытынды жасалады. Бұл – нағыз жауапкершіліктің мектебі емей немене?!

Туған топырақтағы тынымсыз еңбек

1961 жылдың қараша айында Марс Еренбекұлы туған жеріндегі Шет орта мектебінің директоры болып тағайындал-

дық ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподақ комитетінің төрағасы болып еңбек етіп, қызметкерлердің әлеуметтік және кәсіби жағдайын жақсартуға ерекше көңіл бөлді.

1979-1983 жылдары аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1983-1988 жылдары аудандық ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподағы комитетінің төрағасы, 1988-1992 жылдары Ақшоқы совхозы партия комитетінің хатшысы қызметтерін атқарды.

1992 жылдың ақпанынан 1997 жылға дейін Шет ауданы әкімінің аппарат басқарушысы ретінде жұмыс істеді. Ол кезде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған маңызды жұмыстарды үйлестіру оның басты міндеті болды.

Еңбек еш кетпейді

Ұзақ жылдар бойы еліне аянбай төртөккен Марс Еренбекұлының еңбегі ешқашан назардан тыс қалмады. Елдің, Үкімет пен партияның құрметі оның адал қызметінің айқын белгісі болды.

Атап айтсақ, «Тыл еңбеккері-ардагері», «Тыл және тыңайған жерлерді игеру» медалімен марапатталды.

1970 жылы «Қажырлы еңбегі үшін»

• ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

Қаздауысты Қазыбек оқулары өтсе...

Қазақ халқының тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі, Орта жүздің төбе биі Қаздауысты Қазыбек өзіне қараған елді Сарыарқаға бастап әкелгеніне енді үш жылдан кейін 300 жыл толады. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов бұл жайлы «Очеркъ киргизскаго хозайства въ Каркаралинскомъ уезде» деген мақаласында нақты деректер береді. Содан бері алты-жеті ұрпағы ауысқан ел Шудан Ертіске дейінгі ең даланы қоныстанып, өсіп-өрбуде.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қаздауысты Қазыбектің өз әулеті мен туыстарының ұрпақтары Сарыарқаның шығыс бөлігінде орналасқан. 1824 жылдан бастап Қарқаралы сыртқы округінің Қу, Едірей болыстары мен Бауыр болысының бес ауылы болған әкімшілік бөлініс кеңес билігі орнағаннан кейін, 1928 жылы Қу ауданы болып құрылды. 1963 жылы жабылып, екі жылдан кейін Егіндібұлақ ауданы болып қайта құрылған өңірге 1992 жылы ұлы бидің есімі берілді. 1995 жылы аудан орталығы Егіндібұлаққа Қаздауысты Қазыбектің ескерткіші орнатылды. Қаражатты жергілікті халық өз қалтасынан жинап, сол кездегі аудан басшылығы бидің мүрдесі жатқан Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи қорымынан топырақ әкеліп, ескерт-

кіштің іргетасына төседі. Халықтың зор құрметі мен махаббаты болар, ескерткіш Орталық Қазақстандағы ең сәтті шыққан туындылардың бірі десек, қателеспейтін шығармыз. Қарағанды көркемсурет комбинатында қоладан құйылған ескерткіштің авторы белгілі мүсінші Жаубасар Қалиев болатын. Ол қасиетті бабаның кескін-келбетін бар ынтасымен сомдағаны байқалады.

Шапаның желбегей жамылып, оң қолына қамшысын бүктей ұстап, сол қолымен шоқша сақалын қаусыра терең ойға батып, тас үстінде отырған дария кеуде қария бейнесі қазақ даласының даңқты кезеңінің символы сияқты. Басындағы айыр қалпағы, аяғындағы саптамасы сол дәуірден хабар бергендей.

Қаракесек руының, тіпті, бүкіл Арғын тайпасының, қала берді, Орта жүздің даңқы шығуына Шаншардың немересі Қаздауысты Қа-



Суретте: Қаздауысты Қазыбектің Егіндібұлақ ауылындағы ескерткіші

зыбек Келдібекұлының (1667-1763) еңбегі ересен. Өлшеусіз ақыл-парасаты, таңғажайып шешендік өнері, ерекше ұйымдастырушылық қабілеті, ел мен жердің тарихын, халықтың салт-дәстүрін жете білуі оны бүкіл далада даңққа бөледі. Жоғарыдағы қасиеттері оның мемлекет ісіне, Қазақ хандығын басқаруға барынша белсене араласуына мүмкіндік берді. Іс жүзінде Орта жүздің ең беделді басқарушысы деңгейіне көтерілген Қаздауысты Қазыбектің ықпалды болғандығы сондай, XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырда қазақ халқы бастан кешкен негізгі оқиғалар оның қатысуынсыз өтпеді. Ұлы би қолдамаған жағдайда маңызды шешімдер қабылданбады. Абылай ханнан: «Үш жүздің батырларының ішінен кімді ерекше құрметтейсіз?» – деп сұрағанда ол: «Бізге дейінгі ерлерден екі кісіге таңғалуға болады. Оның бірі – 90 туысын Қалдан Сереннің тұтқынынан құтқарған Қаракесек Қазыбек те, екіншісі – өзінің сондай тұтқындағы туысын құтқарған Уақ Дербісәлі. Мұның алғашқысы Қалданға өзі барып сұрап алды. Соңғысы, өзінің ауылында отырып, жауын қорқытып алды», – деген екен деп жаза-

ды Ш.Уәлиханов «XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар» атты шығармасында. Бабамыз өз Тәуке, Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай хандар ел тізгінін ұстаған кезеңдерде мемлекет басқару ісіне араласты.

Жоғарыда айттық, Қаздауысты Қазыбектің Егіндібұлақ ауылындағы ескерткіші орнатылғанына осы шілде айында 30 жыл толды. Мүсін қойылған алғашқы жылдары шілденің алғашқы сенбісінде мерекелер ұйымдастырылып, тіпті, аудан жабылып қалғаннан кейін де «Ауыл күні» атап өтуге әкім-қаралар уәде берген болатын. Уақыт өте келе, әдеттегідей уәде ұмытылды.

Осы орайда Егіндібұлақ пен Қарқаралыдағы ел ағаларына төмендегідей бір ұсыныс айтқым келеді: Түркістанда ұлы бидің ескерткіші орнаған 2022 жылдан бері қала мектептерінің оқушылары арасында Қаздауысты Қазыбек оқулары өткізілуде. Сол тәжірибені пайдаланып ауыл, тіпті, аудан, қала берді облыс мектептері оқушыларының арасында бидің шешендік сөздерінен байқау өткізсе, бұл ұлы бидің мұрасын насихаттаумен қатар жас ұрпақтың отаншылдық тәрбиесіне үлкен ықпал жасайтыны хақ.

• ҚАРИЯ – ҚАЗЫНАҢ

Қайырлы істердің ұйытқысы

«Жасы келген жандардың қоғамға әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне жәрдемдесу, саламатты өмір салты мен белсенді ұзақ жасауды насихаттау» жобасының аясында «Мейірім әлемі» қоғамдық қоры Белсенді ұзақ жасау орталығын ашқан болатын.

Болатбек ӘШІМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл қайырлы шараға Осакаров ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі қаржылай қолдау көрсетті.

Ашылғанына көп уақыт өте қоймаса да, орталық аға буын өкілдері қуана бас қосатын, емен-жарқын араласып, бір-біріне қолдау көрсетіп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын шаңыраққа айналып үлгерген. Мұнда денсаулықты нығайтуға, әлеуметтік белсенділікті арттыруға және ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға бағытталған шаралар ұйымдастырылып тұрады.

Орталық атаулы күндер мен мерекелерді құр жібермеуге тырысады. Айталық, көктем шуағымен бірге келетін әйелдердің халықаралық күнінде зейнет жасындағы аналармен мерекелік кездесу өткізілді. Ақ самайлы аналардың құшағы гүлге толып, сый-сияпат жасалды, ақжарма тілектер айтылып, бұл күн барлық келушілерді керемет әсерге бөледі.

Наурыз тойы мен масленица мерекесінде де арнайы бас қосқан үлкендер ұлттық дәмдерінен үйдегідей дастархан жайып, ән төгіліп, жарасымды әзіл-қалжыңдарын айтысып, бір жасап қалды.

Ал, Молодежный кентінде

«Белсенді ұзақ жасау – денсаулық кепілі» деген ұранмен шахмат пен үстел теннисінен жарыстар бірге келетін әйелдердің халықаралық күнінде зейнет жасындағы көбінесе көрермен болып отыратын жасамыз аға-апаларымыз бұл жолы өзара тартысқа түсіп, бақ сынасты.

«Осакаровка біздің естеліктерімізде» атты кездесуде болса, қариялар жағы басынан кешкендерімен, аудан өмірі мен тарихы жайлы құнды естеліктерімен бөлісті.

Ал, Жәніс күні қарсаңында орталық «Әскери жылдар әндері» атты патриоттық шараға кезек беріп, майдан жылдарының әсем

әндері шырқалды. Бұл шара да жиналғандарды ұрпақтар сабақтастығы жайлы терең ойға жетелеп, бабаларымыздың ерлік жолына деген құрметімізді арттыра түскендей.

Мамыр айының 31-ші жұлдызы – Ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Орталықтағылар тағдыр талайы зұлмат жылдарымен тұспа-тұс келген бейбақ ұрпақты еске алып, тағзым ету кешін ұйымдастыруды да өзіне парыз санады. Әрбір жаңа буын өткен тарихымыздан сабақ алып, адам тағдырын азапқа салатын қателіктерді қайталамауы тиіс. Мұндай кештердің негізгі мақсаты да осы.

Орталық жастарға да ерекше көңіл бөледі: мектеп-интернат-колледждің шәкірттерімен кәсіби бағдарлау кездесуін өткізіп, онда белсенді өмірлік ұстаным мен ұрпақтар сабақтастығының мән-маңызы талқыланды. Сонымен қатар, жастармен бірге көңілді би кеші ұйымдастырылды.

Осакаровкадағы Белсенді ұзақ жасау орталығының жұмысы мұнымен шектелмек емес. Алдағы уақытқа жоспарлаған көптеген жаңа кездесулері мен игі бастамалары, көп жасаған, көпті көрген аға буын өкілдеріне арнап жасайтын қайырымдылық шаралары бар.

Осакаров ауданы

Сурет аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2025 жылғы 1 жартыжылдық аудиторлық қызметінің нәтижелері туралы

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2025 жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес 3 аудиторлық және 2 сараптамалық - талдау іс-шарасы жүргізілді.

Мемлекеттік аудитпен жергілікті бюджет қаражатының көлемі 857 531,2 мың теңгені құрайтын 12 объект қамтылды.

Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының бұзушылықтары 13 431 561,0 мың теңге мөлшерінде анықталды. 16 286 022,5 мың теңге қалпына келтірілуге және өтелуге жатады, оның ішінде 2025 ж. 1 жартыжылдықта 14 761 613,9 мың теңге қалпына келтірілді және өтелді.

Жүргізілген аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша төмендегілер жолданды:

аудит объектілеріне – 3 аудиторлық қорытындысы және 11 нұсқама-сы жолданды, 53 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды; *мәслихаттарға* – лауазымды тұлғалардың Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін сақтамауының анықталған фактілері бойынша 3 ұсыныс жолданды;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға – 25 аудит материалдары жолданды, жалпы 2 201,9 мың теңге айыппұл сомасына 15 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ, есептік кезеңде Тексеру комиссиясымен 123,9 мың теңге айыппұл сомасына 3 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

құқық қорғау органдарына (Қарағанды облысының прокуратурасы, Қарағанды облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті) - 5 аудит материалы, оның ішінде: 1 қылмыстық іс қозғалды, 3-тен - тәртіптік жаза қолданылды, 1-ден тіркеуден бас тартылды сотқа дейінгі тергеп-тексеру.

№135



• ВЕЛОСПОРТ

Екі дөңгелекпен ел аралаған

Бірнеше жылдан бері елімізді шайтан арбасымен аралап жүрген әктөбелік велошабандоз Жұмабай Отарғалиев сол дәстүрінен биыл да айнымапты. Үлкен жолға 30 маусымда Ақтөбеден шыққан ол өткен бейсенбіде Осакаров ауданының орталығына жетті.

Болатбек ӘШІМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жұмабай ақсақалдың жасы осы шілде айында жетпіс бірге шығады. Көп жылдар бойы теміржол саласында еңбек етіп, зейнет демалысына шыққанына да біраз жылдың жүзі болған. Бірақ солай екен деп құс жастықты құшақтап, демалғанды құптамайтын көрінеді. Жұмыстан қолы босаса да бойы тың, қимылы ширақ көкемізге зейнетке шыға сала бір тамаша ой келген. Қазақтың ұлан-ғайыр жерін аралап шығу ерте жасынан бергі арманы екен. Кеуде түпкірінде сақталған сол бір қиялы қайта қылаң беріп,

зейнеткер ағамыз велосипед сатып алады. Әуелі Шалқардан Ақтөбеге дейінгі 350 шақырым жолды асықпай бір жұмада жүріп өтіп, өзінше тәжірибе жасап көрген. Содан кейін ғана республиканың түпкір-түпкірін аралауға бел буыпты. Шайтан арбамен саяхат құруды салтына айналдырған Жұмабай Отарғалиев әр жылдағы сапарын көнігі спортшылар сияқты еліміздегі айтулы шараларға арнап отырады екен. Өткен жылдардағы жетістіктерін, мысалы, Бейбарыс сұлтанның 800 жылдығына, Астананың 25 жылдығына, Шу-Мойынты шойын жолының 70 жылдығына арнаса, биылғы марафонын Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойына арнап отыр.

Жасы келген адамның жалғыз өзі мындаған шақырымды артқа тастап келе жатқанын қызық көретіндер де, алаңдап отырғандар да баршылық. Бейсенбі күні Астана-Қарағанды тас жолымен заулап келе жатқан велосаяхатшыны Осакаров кентіне кіреберісте Осакаров ауданындағы этномәдени



бірлестіктердің өкілдері, осы ауданның тілдерді дамыту, ішкі саясат, білім бөлімдерінің өкілдері, Жастар ресурстық орталығы құрметпен күтіп алып, дәм-түздарын ұсынды. Жолсоқты боп шаршаған мара-

фоншыны ортаға алып, жергілікті өнерпаздардың ән-күйіне бөледі. Ақсақалдың иығына қазақы дәстүрмен шапан жауып, қоржынын ас-суга толтырды.

– Шыным сол, үйде төрт қабыр-

ғаға телміріп отыра алмаймын, – дейді ақсақал. – Өйтеуір, бір жаққа сапарлағым кеп, жаңа бір дүние-лерді танығым кеп тұрады. Өзім спортты жақсы көремін, ол адамды сергітеді, өміріңді де ұзартарды.

Кезінде волейбол ойнап, теміржолшылар командасының сапында республикалық жарыстарға қатысқан. Енді осы саяхатшылыққа көңіл ауды, қадірін білгенге бұл да бір керемет спорт қой! Өз басым жалпы көпшілікті көрі-жасына қарамастан осы велоспортпен шұғылдануға шақырғым келеді.

Жолдан шаршап келе жатқан жолаушы осы күні Осакаровка кентінің қонағы болды. Аудандық спорт бөлімінің өкілдері ол кісінің көңілі сергісін деп, жергілікті жастармен волейбол ойнатты.

Ертеңгісін күнмен таласа тұрған шабандоз қонаққа осакаровтықтар таңғы ас үстінде сәтті сапар тілеп, Қарағанды бағытына шығарып салды. Велошабандоздың негізгі мақсаты – ұлы Абайдың 10 тамызда болатын 180 жылдық тойына дейін Семейге жету. Мындаған шақырым шеруін биыл сол жерде тәмамдамақ.

Осакаров ауданы

Суретті түсірген, Г. АМАНБАЕВА

• МАРАФОН

Желаяқтар желмен жарысты

Бұдан бұрын хабарлағанымыздай, Арқаның алтын тәжі, қасиетті Қарқаралы қаласында II Дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 80 жылдығына арналған республикалық «QARQARALY BUGYLY TRAIL» марафоны өтті.



Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған іс-шара саламатты өмір салтын насихаттауға, «Таза Қазақстан» акциясын қолдауға және өңірдің туризмін дамытуға бағытталды. Екі күнге ұласқан дүбірлі додада еліміздің түпкір-түпкірінен және шет елдерден келген желаяқтар – балалар 1 және 5 километр, ересектер 10, 21 және 50 километр қашықтықта сынға түсті. Марафонға алдын ала 470 спортшы тіркелген болатын. Бірақ, ертен жарыс басталады деген күні жүгіруге ниет білдіргендер қатары артып, спортшылар саны 600-ден асып кетті.

19 шілде күні таңғы бесте 50 шақырымға жүгіріп кеткен «Bugyly Trail Qarqaraly – 2025» марафоншыларының алды мәреге келе бастағанда «Бұғылы» су бөгетінің жанындағы жағажайда шараның ашылу салтанаты өтті. Жарысқа қатысушылар Тутұғырда желбіреген

көк байрағымызға қарап бой түзеп, еліміздің Әнұранын орындады. Аудан әкімі Әділжан Арғынұлы, Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің Бұқаралық спортты дамыту басқармасының басшысы Жандос Максұтұлы, облыстағы спорт басқармасы басшысының орынбасары Дәурен Жағыпарұлы

жиналған жұртты спорт мерекесімен құттықтап, марафоншыларға сәттілік тіледі. Қарқаралының қадірлі ақсакалы Әлиасқар Әбеуов жарысқа қатысушыларға бата берді.

Марафонда жүгіру бағытына 5 бақылау бекеті ұйымдастырылып, оларда спорт жаттықтырушылары, ұлттық табиғи парктің инспекторлары, төтенше жағдайлар бөлімінің

қызметкерлері және ұйымдастырушылардың өкілдері кезекшілік жасады. 1 және 5 шақырымға жүгірген жасөспірімдер мен ерекше балалардың ата-аналары бірге қатысып, саламатты өмір салтын насихаттауға атсалысты. Мәреге бірінші жеткен жас спортшыларға жоғарыда есімдері аталған лауазым иелері жеңімпаздардың медальдарын тағып, сертификаттарын табыс етті. 50 километрлік супермарафонды 5 сағатта жүгіріп өткен спортшылар арасында үздік нәтиже көрсеткендерге ақшалай сыйлық және сертификаттар берілді, медальдармен марапатталды.

Марафон жеңімпаздарымен қатар, шараға қатысушылардың бәріне естелік медаль мен мадақтама қағаз табысталды. Марафонға

парктың инспекторлары, төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері және ұйымдастырушылардың өкілдері кезекшілік жасады. 10 және 21 шақырымды сәтті жүгіріп өткен спортшылардың арасында үздік нәтиже көрсеткендер ақшалай сыйлықпен, сертификатпен және медальмен марапатталды.

Он шақырымда жүлделі орын алған желаяқтарды ҚР Спорт комитетінің өкілі Ғазиз Серікбаев, Қазақстан Ұлттық телеарнасының журналисі Нұрбек Бекбау, «Батыр болам» қорының басшысы Ернұр Сәбікенұлы марапаттады. 21 шақырымда үздік нәтижеге жеткендерге аудан әкімінің орынбасары Нұржан Илияш, Қарқаралы Ұлттық табиғи паркінің директоры Руслан Төлепбаев пен «QARQARALY BUGYLY

Әсет Төлеубаев түйіндеді. Қыздар арасында аталмыш қашықтықта Айгүл Аржаникова жеңімпаз атанды. Екінші орынға Анастасия Вишнякова ие болса, үшінші болып Әсем Смайлова мәре сызығын кесті.

10 шақырымда да тартыс жоғары деңгейде өтті. Ерлер арасында Сағат Баубек топ жарып, бірінші орынға шықты. Одан кейінгі орындарды Дархан Сүйімбаев пен Нұрбек Бөрин өзара бөлісті. Қыздар арасында Татьяна Дергачева мәре сызығын бірінші болып кесті. Одан кейін Айару Нұрлан мен Венера Қорғанбекова келіп жетті.

Ең ұзақ – 50 шақырымдық қашықтықта нағыз төзімділік пен күш сыналды. Ерлер арасынан Руслан Оразов жеңіске жетіп, алтын медальді иеленді. Екінші орынға Кастро Визетт Педро, үшінші орынға Айгүл Петров табан тіреді. Қыздар арасында бұл күрделі қашықтықты еңсере білген Назгүл Алдаберген бірінші орын иегері атанды. Анастасия Шанкио екінші, Рауан Данабаева үшінші орыннан көрінді.

Ал, 5 шақырымдық қашықтық бойынша ұлдар арасында Кирилл Карнухи жеңіс тұғырынан көрінді. Екінші орынға Сұлтан Мұқанов, үшінші орынға Абайдан Болат ие болды. Қыздар арасында Дарина Ғалиева бірінші орынға табан тіресе, Айғаным Жидебай мен Айзере Қасым жүлделі екінші және үшінші орындарды қанжығалады.

Бір шақырымдық балалар жарысында да үлкен қызығушылық байқалды. Ұлдар арасында Абай Жұмабек бірінші келіп, бас жүлдені жеңіп алды. Матвей Семионов екінші, Бақдәулет Әукен үшінші орынға ие болды. Қыздар арасындағы жеңіс С.Серіковаға бұйырды. А.Нәбиева – екінші, Н.Мүзкеева – үшінші орын иелері атанды.

Осылайша, түрлі қашықтықтарда бақ сынаған қатысушылар жарыс көрігін қыздырып, көрермендерге нағыз спорттық мереке сыйлады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапатталып, марафон өз деңгейінде сәтті аяқталды.

Суреттер ұйымдастырушылардан

• МӘСЕЛЕ

Күйшілерге ғимарат қажет

Арқаның жұрты шертпе күйімен де қадірлі. Сарыарқа – дәулескер заманының зарын һәм үнін күймен жеткізген дәулескер күйшілер дүниеге келген қасиетті топырақ. Тәттімбет, Итаяқ, Қыздарбек, Әбди, Сембек, Мақаш, Баубек, Әбікен Хасенұлы, Бегімсал Орынбекұлы, Дәулетбек Сәдуақасұлы, Орал Исатайұлы секілді сандықтар туған топырақта шертпе күй орталығы жоқ. Бұл мәселені Күйшілер одағы облыстық филиалының төрағасы Болат Тәкішев көтеріп отыр.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл күнде Арқадағы шертпе күйдің мектебі өркендеп келеді. Кешегі дәулескер күйшілердің аманатын аркалап, ұлы өнердің шырағын сөндірмей, керісінше, алаулатып жүрген таланттар жетерлік.

Күйшілер одағы облыстық филиалының төрағасы Болат Тәкішев Қарағандыда шертпе күй орталығының болуы – Арқадағы шертпе күй мектебінің өркендеуіне зор ықпал ететініне сенімді.

– Ұлы күйші, композитор Тәттімбет Қазанғапұлының туған топырағына шертпе күй орталығы керек. Облыс бойынша шертпе күй мектептерінің негізін салушы күйші композиторлардың мұрасын насихаттау үшін, музыка аспаптарын және жәдігерлерін қоятын көрмесі, музейі бар орталықты ашу – күйшілер үшін аса маңызды. Орталық ашу үшін, әрине, лайықты бөлме немесе мекеменің болуы тиіс, – деді Болат Тәкішев.

Облыстық филиалдың төрағасы аймақ басшысының орын-



басары Әлібек Әлденейдің ұсынысымен осы мәселе бойынша облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ноян Жүнісовтің қабылдауында болыпты. Қабылдауда Болат Тәкішев Күйшілер одағының Арқадағы шертпе күй дәстүрін халық арасында жүйелі түрде насихаттау мақсатындағы

жоспарымен бөлісіпті.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ноян Жүнісов қаладағы ғимараттардан орын қарастырылатынын және бұл мәселеге басқарма тарапынан ден қойылатынын айтыпты.

Сурет ашық дереккөзден

• КЕШ

Жанның емі – поэзия

Қарағандыда журналист, шығармашылық жетекші Мәриям Ахметбектің «Поэзия терапия» атты поэтикалық кеші өтті. Әдеби шара Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай ұйымдастырылды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәриям осы жобасы арқылы әдеттегі поэзия кештеріне серпін беруді көздейді. Ол 2021 жылдан бері 200-ге жуық шәкірт тәрбиелеп, көркемсөз, сахна тілі, сөйлеу мәдениеті бойынша жастармен жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Осы жолы да оның шәкірттері сахна төрінде өз өлеңдерін оқып, ұстаздарына деген алғыстарын жеткізді.

Мәриям мен жұбайы алғаш рет бір сахнада өнер көрсетіп, тың форматтағы рухани жобаны көрерменге ұсынды. Мәриям өлең оқыса, жолдасы Ернұр Тілеуберлі ұлттық нақыштағы әуендермен үйлестіре ән шырқап, домбырамен сүйемелдеді.

– Менің балалық шағым поэзиямен өтті. Әртүрлі Республикалық деңгейдегі көркемсөз оқуларына қатыстым. Кітапқа, поэзия әлеміне деген махаббатымды оятқан бірден-бір жан ол – анам. Негізі, анам өлең жазатын. Кейіннен жазбай кетті. Қазір химия пәнінің мұғалімі, – деді Мәриям Ахметбек.

Кеш шымылдығы тыныштыққа толы медитациялық сәтпен ашылды. Жанға жайлы музыканың сүйемелдеуімен орындалған тыныс жаттығулары көрерменнің ішкі әлемімен үндесуіне мүмкіндік берді. Бұдан кейін ақын жүрек түпкірінен шыққан лирикалық өлеңдерін оқыды.



«Поэзия терапия» кеші – жас болса да, қоғамға ойлы әрі сапалы дүниелер ұсынуға бел бұған жас маманның бастамасы. «Бұл – тек шығармашылық кеш емес, жан мен жүрекке арналған рухани саяхат», – деді жоба авторы.

Сурет автордан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;		● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. ● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. ● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. ● Материалдың жариялану ақысы төленген	
Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА		Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19		Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күнелігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Үй.	
Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы І.Д. МҰҚАЙ Жауапты хатшы С.Б. ИЛИЯШ		Электрондық пошта: ortalik.kz@gmail.com; ortalik.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalik.reklama@mail.ru		Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.	
«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJKBZKX БИН 000840001412 Тарапымы 3 498 №79 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.		Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды к., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ерік НАРЫН			